



# TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

// 17 ҚЫРҒУЙЕК 2020 ЖЫЛ

ЕА ҒЫРЫЗЫҒЫ

## ПРЕЗИДЕНТ ҚЫЗЫЛЖАР Өңіріндегі егін орағының барысымен танысты



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылжар ауданының егістік алқабын аралап, «Аби жер» шаруашылығындағы астық жинау науқанының барысымен танысты, деп хабарлады ҚР Президентінің Баспасөз қызметі.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Президент дикандармен өңгіме барысында Солтүстік Қазақстан облысы еліміздің маңызды астықты өлкесі екенін, мұнда әлемдік нарықта сұранысқа ие экологиялық таза, табиғи өнім өндіретінін айтты.

— Солтүстік Қазақстан облысы — маңызды астықты өлкеміздің бірі. Қазіргі басты мақсат — егіс алқаптарындағы астықты төкпей-

шашпай түгелдей жинап алу. Дақылдарды әртараптандыру өте маңызды, әсіресе, экспортқа шығару үшін қажет. Біздің нарығымыз өте үлкен. Солтүстік Қазақстан облысының өнімі әлемде, соның ішінде, Қытайда жоғары бағаланады. Яғни экспорт көлемін ұлғайтуға үлкен мүмкіндіктер бар. Өңірдің әлеуеті зор деп ойлаймын. Жолдауға келетін болсақ, оны жүзеге асырудың барлық тетіктері Үкіметпен, тиісті мамандармен келісілген. Сондықтан оны тек қана орындау керек. Кезінде үлкен, ауқымды мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылды, бірақ қазір шағын әрі елге түсінікті ұлттық жобалар керек, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысына өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері мен агроөнеркәсіп кешінің келешегі туралы мәлімет берілді. Облыс әкімінің айтуынша, өңірде аграрлық секторды әртараптандыру жұмысы қуып жүргізіліп жатыр. Майлы дақылдардың алқабы 1 миллион

гектарға жуықтаған. Жыл басынан бері агросекторға 61 миллиард теңге инвестиция тартылған.

Аймақ басшысы Құмар Ақсақалов Солтүстік Қазақстан облысының минералды тыңайтқыштарды пайдалану жөнінен еліміз бойынша алдыңғы орында екенін жеткізді. Биыл 2,3 миллион гектар аумаққа 130 мың тонна тыңайтқыш пайдалану жоспарланған. Сонымен қатар облыста ауыл шаруашылығы техникасын жанарту жұмыстары жүргізілуде. Соның нәтижесінде өнім өндіру көрсеткіші артып отыр. Алдағы уақытта «CLAAS» неміс концерні Петропавлда ауыл шаруашылығы техникасын құрастырмақ.

Осы ретте Мемлекет басшысының тауау ғана халыққа арнаған Жолдауында былай деп атап көрсеткенін де атап айтқан жөн: «Қазақстанның алдында тұрған аса маңызды міндет — өнеркәсіпті әлеуетімізді толық пайдалану.

Осы саладағы табыстарымызға қарамастан, ішкі нарықтын зор мүм-

кіндіктерін әлі де болса толыққанды жүзеге асыра алмай келеміз. Өңделген тауарлардың үштен екісіне жуығы шетелден әкелінеді.

Ұлттық экономиканың стратегиялық қуатын арттыру үшін тез арада қайта өңдеу ісінің жана салаларын дамыту қажет. Бұл қара және түсті металлургия, мұнай химиясы, көлік құрастыру және машина жасау, құрылыс материалдары мен азық-түлік өндіру және басқа да салаларды қамтиды.

Расында да, нақ осы секторда — ауыл шаруашылығының бидай өндіру, оның үн өнімдерін облыста ғана емес, еліміздің басқа да өңірлеріндегі қайта өңдеу кәсіпорындарының қуатымен экспортқа шығару — өзекті мәселе және шешімін таба алатын маңызды міндет. Олай болса, тек осы бағытта Солтүстік Қазақстан облысы қарқынды жұмыстар жүргізе алады.

ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЈАЛАР	Risers	Last	%Δ1D	%Δ1M
HSBK	16.09.20 11:07	123,60	+2,14	+9,87
CCBN	16.09.20 11:06	230,72	+1,19	+1,08
KCEL	16.09.20 11:06	2 550,00	+0,79	+0,28
KEGC	16.09.20 11:07	1 717,00	+0,70	+0,00
GB_KZMS	16.09.20 11:07	3 000,00	+0,69	+1,76
Индекс KASE	16.09.20 10:20	2 465,78	+0,06	+1,55

АҚША НАРЫҒЫ	Symbol	Last	%Δ1D	%Δ1M
MM Index	15.09.20 00:30	7,92	-0,04	-0,88
TONIA	16.09.20 10:49	8,10	+0,18	-0,68
SWAP-1D (USD)	14.09.20 15:06	8,00	-0,10	-1,36
TWINA	15.09.20 12:55	9,00	0	0
SWAP-2D (USD)	15.09.20 15:06	8,11	+0,01	-1,09
KazPrime-3M (KZT)	16.09.20 11:53	10,50	0	0

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР	Deals	Yield	DTM
KAFib7	15.09.20	11,90	-
KAFib9	15.09.20	12,00	-
KAFib10	15.09.20	12,50	-
MF0Kb1	15.09.20	18,40	-
TEBne1	15.09.20	0,00	-
BTASe16	15.09.20	0,00	-

МЕМЛЕКЕТТІК БАФАЛЫ ҚАҒАЗДАР	Deals	Yield	DTM
MUM240_0004	15.09.20	9,50	-
MUM156_0005	15.09.20	9,75	-
MUM180_0011	15.09.20	9,50	-
MUM120_0018	15.09.20	9,75	-
MUM168_0003	11.05.20	9,75	-
MKM012_0148	09.09.20	9,70	-

ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекс	KASE	FTSE 100	CAC 40	S&P 500	Dow Jones	Nikkei 225	DAX	SSE Comp
	2 464,25	6 105,54	5 067,93	3 401,20	27 995,60	23 454,89	13 217,67	3 295,68
	-0,34%	1,32%	0,32%	0,52%	0,01%	-0,44%	0,18%	0,51%

Тауарлар	Мұнай	Алтын	Платина	Палладий	Никель	Алюминий	Күміс
	40,53	1 958,70	947,00	2 339,00	15 134,00	1 787,50	26,89
	2,32%	0,58%	1,94%	1,65%	1,12%	0,11%	0,04%

Валюта нарықтары	USDKZT	EURKZT	USD RUB	USD JPN	USD BDN	EURUSD	GBPUSD
	426,46	506,59	75,0223	28,0250	2,5891	1,1846	1,2896
	0,04%	0,25%	-0,00%	0,22%	0,20%	0,01%	0,08%

АӨК: ҚЫС – ҚЫР АСТЫНДА

## Мал азығын дайындауға қамдану қалай?

Ауылдағы ағайынға төрт түлік мал ұстап, өсіру жылы-жылға қиындап бара жатыр. Мыңырмаған малға жайылым тар, шабындық жұтан, дайын шөптің бағасы ұдай. Оның үстіне биыл жаз құншылық, аптап ыстық болды, шөп шықпай қалды. Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданының бір-екі ауылдық округі, Ақжайыт, Қазталов, Жаңақала аудандарындағы мал өсірушілер қыстық мал азығын өзге аудандардағы елді мекендерден тасымалдауға кірісті.

ГҮЛБАРШЫН ӘЖІГЕРЕЕВА

Қойнауы құт Қаратөбе ауданындағы бытырға қарағанда биыл көктемде жауын-шашын аз болмады. Сондықтан шөп шығымы жаман болмай, өздеріне де, өзгеге де дайындауға жетерлік жағдайда. Десе де, Сулықөл және Саралжын ауылдық округтерінде шөптің шығымы сүйікті. Сулықөл — мал өсіруге қолайлы округ, сондықтан аудан бойынша малы да, мал өсіретін шаруашылығы да көп өлке округте 46 шаруа қожалығы жұмыс

істейді. Округтің бір жақ аумағы құмақ, бір жағы қатқыл болып келеді. Құмақ жағын жайлаған шаруашылықтар былтыр шалғы түспеген шабындық алқаптарынан мал азығын дайындады. Ал қатқыл бетте орналасқандар шөп шығымы нашарлығынан Жусандой, Егінкөл, Коскөл, Аққозы ауылдары жағындағы шаруашылықтармен келісіп, шөп шабуға кірісті. Қаратөбе аудандық көсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы Канат Бадақовтың айтуынша, шаруашылықтардың техникасы сайлы, қажетті техниканың 60-70 пайызын жанап алған. Олар қыстық малға шөп дайындауға кірісіп жатыр. Жекелеген, қора-қопсысында күнелтіс үшін мал өсіретін ауыл тұрғындарына шөп дайындау қиындауға тәуелді. Бір ай бұрын округ әкімдері тұрғындарды жинап, ақыдасты. Аққозы, Коскөл, Жусандой ауылдарындағы шаруа қожалықтарымен келісіп, ауыл тұрғындарының малына шөп өкелу жұмыстарын ұйымдастыру

қолға алынды. Күзге тарта, тамыз айының аяғы, қыркүйек айында шөп тасымалданатын жердің қашықтығына байланысты орамы 3-4 мың теңге тұратын шөпті тасымалдау басталды. «Аудан бойынша 71 500 тонна қыстық шөп дайындалуы керек. Откен жылы қыс мал-жанға жайлы болып, 16 мың тоннаның үстінде шөп қалды. Ол дабылығы мал азығын өсетіне кіреді, қазірдің өзінде 20 мың тонна мал азығы дайындалды. Жусандой, Егінкөл ауылдық округтерідегі шаруашылықтар қыстық мал азығының 60-70 пайызын дайындап қойды. Шөп шығымы шамалы Жаңақала ауданының басшылығы келіп Ақтөбе күре жолы бойындағы Коскөл, Жусандой ауылдық округтерідегі шаруашылықтардың өкілдерімен кездесіп, орамын 3-3,5 мың теңгеден шөп дайындауға келісті. «Алдымен өзмімізді шөптен қамтып аламыз, содан кейін жаңақалалықтарға шөп жағынан көмектесеміз» десті қаратөбелік жігіттер», — деді Канат Бадақов.

ЖЕРГІЛІКТЕНДІРУ



## Құрылыс отандық үлеспен қамтылуда

Елімізде құрылыс мол қарқын алған сайын құрылыс материалдарына да қажеттілік артып, сала индустриясы белсенді дамып келеді. Бүгінде өңірдегі өнеркәсіп көлеміндегі үлесі 6%-ті құрайтын бұлт өзекті секторда құрылыс өнімдерін өндірумен 2067 кәсіпорын айналысуда.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЖЫЗЫ

Саланың өсу серпіні «Нұрлы жер», «Нұрлы жол», Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламалары, Жұмыспен қамтудың жол картасы шеңберінде ауқымды инвестициялармен, ірі әлеуметтік-мәдени іс-шараларды іске асырумен байланысты. Қарқынды даму нәтижесінде құрылыс материалдары өндірісінің көлемі 3,3 есеге артып, QazIndustry қазақстандық индустрия және экспорт орталығының дерегі бойынша, соңғы 11 жылда құрылыс жұмыстарының көлемі 2,5 есеге — 1,7 трлн теңгеден 4,4 трлн теңгеге дейін ұлғайды.

# БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

## АПТА ТЫНЫСЫ

### ▶ Отбасы күні

#### Ел боламын десең – бесігіңді түзе



11 қыркүйекте ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі А. Балашеваның қатысуымен Отбасы күні аясында ұлттық тәрбие беру мен отбасы құндылықтарын нығайту мәселелері бойынша онлайн режимде дөңгелек үстел болып өтті.

Іс-шараның мақсаты – бала тәрбиесіндегі ата-ананың, мектептің және қоғамның рөлін анықтау, балаларға білім беру мен тәрбиенің өзекті мәселелеріне назар аудару.

Дөңгелек үстелге мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақындар мен жазушылар, педагогика қауым-

дастығының, үкіметтік емес ұйымдардың, мүдделі мемлекеттік органдардың, БАҚ-тың өкілдері қатысты.

Өз сөзінде министр: «Әрбір жанұядағы жетістік те, кемшілік те – қоғамның ортақ көрсеткіші. Мемлекетшіл азамат қашанда отбасынан алған тәрбие мен жалпы қоғамдық құндылықтардан қалыптасатыны белгілі», – деп атап өтті.

Сонымен қатар А. Балаева пандемия кезінде бала тәрбиесіндегі отбасы мен атананың жауапкершілігін арттырудың маңызын атап өтіп, уақыт өткізу құндылықтарын жаңа қырынан қарауды талап етіп отырғанына тоқталды.

Жиынға қатысушылар ұлттық тәрбие, отбасылық құндылықтар бағытын ескеріп, телеарналардағы бағдарламалар контентін қайта қарау, орта және жоғары оқу орындарында отбасылық өмірге лайық қосымша курстар өткізу қажеттігін айтты.

Сөз соңында министр іс-шараға қатысқан барлық спикерлерге алғыс білдіріп, отбасы тәрбиесін ұлттық құндылықтармен үйлесімде жүзеге асыру бағытын, ұлттық идеологияны дамыту мәселелері бойынша айтылған ұсыныстарды жұмыс барысында ескерілетінін жеткізді.

### ▶ ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Үкімет Индустриялық-инновациялық дамуың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Индустрияландыру картасының жобаларын іске асыру мәселесін талқылады. Және де жылда әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасын реттеу, азық-түлікпен қамтамасыз ету жайы баяндалып, Премьер-министр Асқар Мамин нақты тапсырмаларды міндеттеді.

#### БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Пандемия тудырған күрделі жағдайлар мен экономикадағы әлемдік құлдырауға қарамастан, өткен 8 айда өңдеу өнеркәсібінде оң динамика байқалды, өсім – 3,3%. Биыл Индустрияландыру картасы аясында өндіріс көлемін 1,3 трнн тенгеге, экспортты 325 млрд тенгеге арттыруға, шамамен 19 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік беретін 996 млрд тенгенің 206 жобасын іске қосу көзделген. Салалар бөлінісінде жобалардың негізгі бөлігі машина жасау (170 млрд тенгеге 19 жоба), ТКМК (190 млрд тенгеге 18 жоба), АӨК (195 млрд тенгеге 76 жоба), энергетикаға (126 млрд тенгеге 10 жоба) тиесілі. Алматыда «Hyundai» және Костанайда «Chevrolet» желілі автомобильдерін құрастыру іске қосу, Қарағанды облысында техникалық газдар өндірісі мен алтын шығару фабрикасын ашу және тағы басқа іргелі жобалар индустрияландырудың көрнекі мысалдары бола алады. Құрылатын Өнеркәсіпті дамыту қоры 3%-тен аспайтын мөлшерлемесі бойынша қолжетімді несие беру арқылы кәсіпорындарды кеңейтуге және жаңғыртуға ықпал етеді.

Үкімет басшысы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп, ағымдағы жылға белгіленген барлық жобаларды іске асырумен қатар, Индустрияландыру картасы жобаларының пұлын қосымша пысықтау, кеңейтуді тапсырды. Бұдан бөлек, барынша тұрақты ішкі және сыртқы сұранысы бар салаларды, оның ішінде желілі, азық-түлік және химия өнеркәсібін, машина жасау мен фармацевтиканы, кен ауқымын пайдаланылатын құрылыс материалдарын өндіруді қолдауға, сондай-ақ мұнай-химия және газ өңдеу салаларындағы технологиялық күрделі жобаларды қолдауға бар күш-жігерді жұмсау қажет.

Премьер-министр монокалаларда индустриялық жобаларды дамыту қажеттігін бас айтты. Табысты мысал – Қарағанды облысының Саран қаласы, онда «YouTop» автобустар мен арнайы техника өндірісі бойынша ірі жобаны іске асыру қолға алынды. Бұл ретте 1 500 жұмыс орны

құрылады, автобустар мен арнайы техника өндірісінің қуаттылығы жылына 1 500 бірлікті құрайды. Сонымен қатар қуаттылығы жылына 3,5 млн болатын автошиналар өндіру жобасы пысықталуда, олардың 30%-ін экспортта жоспарланған. Бұл тағы 1,5 мың жұмыс орны. Жалпы алғанда, Саран қаласында инвестициялар көлемі 150 млрд тенге, жыл сайынғы өнім шығару 160 млрд тенге болып отыр. Бұған қоса әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымды қалпына келтіру және салу жұмыстары басталды. «Мұндай деңгейдегі өндірісті барлық монокалаларда дамыту қажет. Сондықтан әкімдер инвесторлармен белсенді жұмыс істеп, олар үшін

Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың шекті бағасы белгіленді, бағаны тежеу міндеттемесімен «қайтарымды схема» арқылы сауда желілерінде жеңілдікті қарыз беру практикасы кеңейтілді. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілді, оның ішінде форвардтық сатып алу механизмі енгізілді – 24,5 млрд тенге бөлінді, 516,9 мың тонна ауылшаруашылық өнімнің сатып алу үшін 159 ауылшаруашылық тауарын өндіруші іріктелді.

Үкімет басшысы Ауыл шаруашылығы министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, сыртқы жағдайға және азық-түлік қорының жеткілікті болуы мен әлеуметтік маңызы бар та-



## Тиімді жобалар, қолжетімді азық-түлік: Тұрмыс сапасы түбегейлі жақсаруы тиіс

қажетті жағдайларды жасап, халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз етуі керек», – делі А. Мамин.

Үкімет басшысы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне «цифрлық дәуір» өнеркәсібін дамыту жөніндегі жұмысты күшейтуді және цифрлық шешімдерді енгізетін кәсіпорындарды қосымша ынталандыру мүмкіндігін пысықтауды, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне өндірістік процестерге роботандыру мен жасанды зерде өзін технологияларын енгізу деңгейіне мониторингті күшейтуді тапсырды. ИИДМ сондай-ақ қазан айының соңына дейін «Өнеркәсіпті саясат туралы» заң тұжырымдамасының жобасын әзірлеп, Үкіметке енгізуі қажет.

Биыл қалыптасқан жағдайда, Үкімет пен әкімдіктер өнім өндіруді, сақтауды және барлық өңірлерге жеткізуді қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін қабылдады.

тауарлар бағасының тұрақтылығына мониторингті жалғастыруды, «қайтарымды схема» арқылы сауда желілерінде жеңілдікті қарыз беруді кеңейту, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін форвардтық сатып алу практикасы мәселесін пысықтауды тапсырды. Әкімдіктерге импортқа тәуелді тауарлар (қант, көкөніс өнімдері және басқалары) өндірісін ұлғайту бойынша жобаларды басым ретпен іске асыруды қамтамасыз ету міндеттелді. Премьер-министр Ауыл шаруашылығы министрлігі мен өңірлер әкімдерінің назарын өзімізде өндірілетін азық-түліктің, әсіресе, картоп, ұн, сәбіз және қарақұмық жармасының бағасын өсіруге жол бермеу қажеттігіне аударды. «Азық-түліктің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету қазақстандықтардың тұрмыс сапасының басты факторларының бірі», – делі А. Мамин.

### ▶ Праймериз

#### Кандидаттар қандай мәселелер көтерді?

Шығыс Қазақстан облысында Nur Otan партиясы праймеризінің ашық пікір сайысына 50-ден астам үміткер қатысып, қоғамның әр саласындағы өзекті мәселелерді көтерді.



Nur Otan партиясы Шығыс Қазақстан облыстық филиалы мәліметінше, облыстың аудан орталықтарында өткен пікір сайыста праймеризге қатысушылар өз бағдарламаларында елді мекендердегі түйткілді мәселелерді сөз етті. Пікір сайыстың бірінші кезеңінде қатысушылар өз бағдарламаларын таныстырса, екінші кезеңінде сұрақтарға жауап берді. Дегенмен онлайн көріп отырған дүйім жұрт спикерлерге өз сауалдарын әлеуметтік желі арқылы қоюға мүмкіндік алды.

Үміткерлердің бірі Дархан Абулханов ауылды жерлерде тұратын халықты сапалы ауызсумен толықтай қамтамасыз ету, жол мәселесі, білім саласындағы проблемалар мен медицинадағы өзекті сұрақтарды өз бағдарламасының басым бағыттарына жатқызатынын айтты.

Праймеризге қатысушы Әскерхан Хуанбай қандастарға қатысты мәселелер аз еместігін, азаматтық алуадағы түрлі қиындықтар, баспанамен қамту, ортаға бейімдеу жұмыстарын жүргізу сынды мәселелер шешуді қажет ететінін атап өтті.

### ▶ Еңбек

#### Жастар бағдарламаға белсенді қатысуда



Ағымдағы жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 145 мыңнан астам жас азамат Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытуың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының қатысушылары болды.

Оның ішінде 19,2 мың азамат – колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектері. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

мәліметінше, осы жылдың 8 айында 134,8 мың жас жұмыспен қамтылды, оның ішінде 76,1 мыңнан астам адам әлеуметтік жұмыс орындарына, жастар практикасына және қоғамдық жұмыстарға жіберілді. 4,5 мың жас еңбек нарығында сұранысқа ие дағдылар мен мамандықтар бойынша қысқа мерзімді оқуға жіберілді, ал 6,4 мың адам жеңілдетілген микрокредиттер мен қайтарымсыз гранттарға ие болды.

Сонымен қатар, жұмыс берушілерді еңбек тәжірибесі жоқ жастарды қабылдауға ынталандыру және еңбек нарығында жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында алғаш рет жұмыс іздеп жүрген түлектерге барлық меншік нысанындағы ұйымдарда қажетті еңбек дағдыларын үйрету үшін оларды жұмысқа орналастыруды көздейтін «Алғашқы жұмыс орны» жобасы іске асырылуда. «Көпбалалы және табысы аз отбасылардан шыққан колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектері, сондай-ақ оқуын аяқтаған әрі еңбекке қабілетті мүгедектер «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша басым құқыққа ие», – делі еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі халықты жұмыспен қамту департаменті директорының орынбасары Азиз Ибрагимов.

### ▶ ТУҒАН ЖЕР



#### АҚ ИРИЙ ҚАЛАШЫҒЫ

Ақ Ирйі қалашығы Есіл алаңы мен Батыс Сібір ойпаты қиылысқан жерде, Солтүстік Қазақстан облысының Долматов ауылында орналасқан. Ақ Ирйі иран тілінен аударғанда «Ақ жұмақ» деген мағынаны білдіреді. Бұл қала V ғасырдағы сақ дәуіріне жатады. Қона елді мекен дала және орман тұрғындары арасында өзіндік алдыңғы бекініс ретінде қызмет еткен. Бекіністі қаланың ішінен ғалымдар үйлері, үсті шеберханалары мен қарақұмық дайындау өндірісінің қалдықтарын тапқан. Қала екі жағынан да адам аяғы аспас құрылыммен бөлінген биік үйшірманы мүйісте орналасқан. Археологтар оны «Ақ Ирйі» деп атады.

# БИЗНЕС&БИЛІК

ЕЛ ЫРЫЗЫҒЫ

## Президент Қызылжар өңіріндегі егін орағының барысымен танысты

> [11]

Президент өңір башылығына бұл міндетке баса көңіл бөледі тапсыру да Қызылжар экономикасы әлеуетінің қуатты екенін айтақтап отыр.

Кездесу сонында Қасым-Жомарт Тоқаев дикандардың мол астықты дер кезінде жинап алуына тілестіктік бірліріп, жұмыстарына табыс тіледі.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ  
ӨЗГЕ ӨНІРЛЕРДЕН  
ҚОНЫС АУДАРҒАН  
АЗАМАТТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент мемлекеттік қолдаумен Солтүстік Қазақстан облысына қоныс аударған азаматтармен кездесті. Оларға арнап Қызылжар ауданының Чапаев ауылында баспана салу жөніндегі пилоттық жоба жүзеге асырылған болатын. Облысқа сапары барысында Мемлекет басшысы жана тұрғын үйлерді аралап көргенін де хабарлайды [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz) сайтынан.

Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылдан бастап ауыл өкімдері тұрғын рет сайланатынын, бұл бастама демократияның айқын көрінісі екенін айтты.

Өкімдер ауылдағы проблемаларды бәрінен жақсы біледі. Сондықтан ауыл тұрғындары өздерінің мәселелерін ең алдымен сіздерге айтады. Көптеген арыз-шағымдары жергілікті жерде шешуге болады. Әсіресе, ауылдық жерлерде ауызсу мәселесін шешу өте өзекті. Сонымен қатар «Жұмыспен қамту» жобасына қатысу бағдарламасын жүзеге асыру маңызды. Соның нәтижесінде жергілікті жерлердегі инфрақұрылым



дамиды, жана жұмыс орындары ашылады. Облыста бұл мәселе тиісті деңгейге іске асырылып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекеттік қызмет көрсету жүйесі мен мемлекеттік басқару мәселесіне де тоқталды.

– Мен Қазақстан халқына арнаған Жолдауыма мемлекеттік қызмет жүйесі жабық болмауы керек екенін айттым. Бізге ойы ұшықар, ақылды жастар керек. Бізде Тұңғыш Президентіміздің саясатының арқасында өте жақсы білім алған жа-

стар көп. Сондықтан біз мемлекеттік қызметке жастарды шақырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Облыс әкімі Құмар Ақсақалов Президентке өзге өңірлерден көшіп келген дөрігер, мұғалім, механизатор және басқа да мамандық иелеріне гранттар берілетінін, сондай-ақ олар жана жалдамалы баспанамен және жұмыспен қамтамасыз етілетінін айтты.

Ауылдарға баспана салуға бағытталған облыстағы аталған пилоттық жобаның жүзеге асырылып жатқа-

нына екі жыл болды. Былтыр аталған жоба аясында елді мекендерде 428 үй салынса, биыл 788 баспана тұрғызылды. Былтыр облысқа 736 отбасы, барлығы 2,2 мың адам көшіп келген. Биыл 700 отбасы немесе 2,4 мың адам қоныс аудармақ.

Кездесу сонында ауыл өкімдері мен өңірге жанадан қоныс аударып келген тұрғындар мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп жатқаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс білдірді, деп жазады Мемлекет басшысының ресми сайтында.



ӨНІРЛІК ДАМУ: ӨНЕРКӘСІПТІК ӘЛЕУЕТ

## Коронавирус жағдайында қай салаға өсім тән?

Әлемнің экономикасы мықты дамыған мемлекеттердің өзін жеңіп өткендігі теректі қалыптарға қорықаруы індігі елімізге, өңірлерге айтарлықтай өз салқынын тигізді. Қазақстанда төтенше жағдай режимінің жариялануы еке ішкі нарыққа қысым түсіріп, сыртқы дүниеге байланыс, алыс-берістің күрт төмендеуі кәсіпкерлік саласын өз қиындығын әкелді. Батыс Қазақстан облысының өнеркәсіп өндірісінің дамуында төмендеушілік байқалғанымен, құрылыс индустриясы, тамақ өнеркәсібі секілді салаларда өнім өндіру көлемі өсті.

Мемлекет басшысының «Жана жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында «Қазақстанның алдында тұрған аса маңызды міндет – өнеркәсіпті әлеуетімізді толық пайдалану» деп атап көрсеткеніндей, өңірдегі өнеркәсіпті әлеуетті әлі де сарқа пайдалану өзекті.

ГҮЛБАРШЫН ӘЖІГЕРЕЕВА

Облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы ұсынған мәліметтерге сүйенсек, биылғы жылдың қантар-наурыз айларының қорытындылары бойынша шағын және орта бизнес өндірісінің көлемі 308 млрд теңге құрап, өткен жылдың сәуірі мен мамыр айындағы өндірістің көлемінен 14,4%-ға төмендеді. Салалық жұмыспен қамтылғандардың саны 2,3%-ға төмендеді. Былтыр өсетін мерзім ішінде 112 мың адам болса, биылғы ш айда 104 мың 900 адам жұмыспен қамтылды. 2019 жылдың қорытындысында шағын және орта кәсіпкерлік саласының жалпы өнімдік өнімдігі үлесі 36,8%-ды құрап, өсіп республикада үшінші орында болып өсті.

Биылғы жылдың қантар-шілде айлары ішінде өнеркәсіп саласында 1030,7 млрд теңге көлемінде өнім өндіріліп, өндіріс көлемі 3,3 пайызға артты. Соның ішінде өнім көлемі тау-кен өнеркәсібінде 878,8 млрд теңгені, өңдеу өнеркәсібінде

111,1 млрд теңгені құрады. Алайда өндіріс өңдеу өнеркәсібінің дамуында төмендеушілік байқалды. Ол заңды да. Өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 2019 жылдың сәуірі мен мамыр айындағы өндірістің көлемінен 8,8%-ға аз. Салалық өндіріс көлемінің төмендеуі елдегі коронавирус індетіне байланысты жүргізіліп жатқан санитарлық-эпидемиологиялық шаралар, карантиндік шектеулердің жариялануы жағдайындағы ресейлік тұтынушылардың өнімдеріне сұраныстың төмендеуі әсер етті. Нарықтағы сұраныстың азаюы «КазТрубпром» ЖШС-ның өндірістік базасында құбырлар өндірісінің төмендеуіне әкелді.

Дәл сондай себептерден машина жасау саласындағы өндіріс көлемі азайды. Өндірістің жалпы өнімдерінен 22,8 млрд теңгенің өнімін шығарды немесе пайызбен айтсақ, 83,5%-ды құрады. Саланың негізгі кәсіпорындары Ресей Федерациясы кәсіпорындарының өнімдерін сатып алу көлемінің төмендеуіне, сондай-ақ осы жылдың наурыз айынан бастап жұмыс кестесінің қысқаруына байланысты өндіріс көлемін азайтты. Сондай-ақ өндіріс көлемінің төмендеуіне жабдықтаушылардың жұмысты уақытша тоқтата тұруына байланысты бөлшектерді жеткізудегі тиісті мәселелер кесіріп тигізді. Ал жалпы металл бұйымдары өндірісі саласындағы жағдай «шұқір» деп айтарлықтай. Салалық кәсіпорындар 6,2 млрд теңгенің өнімін өндіріп және 2019 жылдың сәуірі мен мамыр айындағы өндірістің көлемінен 16,2%-ға арттық. Мамандар мұндай өсімді металл құрылымдарын өндіру көлемінің ұлғаюымен байланыстырады.

Құрылыс индустриясы кәсіпорындары былтырғы жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 6,9 млрд теңгенің өнімін шығарды. Құрылыс материалдары өндірісі негізінен «Батыс Қазақстан құрылыс материалдары корпорациясы» АҚ-ның, «Стройкомбинат» ЖШС-ның сипликатты кірпіш, дайын бетондар өндірісі көлемі 0,7%-ға өсті.

Тамақ өнеркәсібі саласының кәсіпорындары 42,3 млрд теңгенің өнімін өндіріп. Салалық өнім өндірісінің көлемі өткен жылдың сәуірі мен мамыр айындағы өндірістің көлемінен 4,7%-ға өсті. Францияның экономика және қаржы министрі Ле Мердін коронавирус туралы «әлемдегі ойын төртінші индет өзгертіп жіберді» деуі оранды, бірақ өзгермейтіні адамзат баласы тірі тұрғанда азық-түлікке деген сұраныс тусымалыды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуші кәсіпорындар, соның ішінде «Кубль» ЖШС-да қалыбырағы өнімдерді, «Нуржанар» АҚ-да алкогольсіз сусындарды, «Белес-Агро» ЖШС-да ұн өндіру көлемі өсті.

Химия өнеркәсібінің кәсіпорындары 1,7 млрд теңгенің өнімін шығарды. Бұл өткен жылдың сәуірі мен мамыр айындағы өндірістің көлемінен 2,2 есе жоғары. Өсім «Топан» ЖШС-ның жоспарлы қуатына шығуы арқылы қамтамасыз етілді. Ресей және пластмасса бұйымдарының өндірісі 3,8 млрд теңгенің өнімін өндіріп. Өткен жылдың сәуірі мен мамыр айындағы өндірістің көлемінен 1,3 есе кем өнім өндіріліп. Биылғы өсім «Орал судан-өнеркәсіп компаниясы» ЖШС-дағы пластикалық бұйымдар өндірісінің көлемін ұлғайтуы себептен қамтамасыз етілді.

Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы еңбек өнімділігі биылғы бірінші жартыжылдықтың соңында 4 мың долларды құрады және 7,9%-ға өсті. Өткен жартыжылдықта өңдеу өнеркәсібіндегі тауар экспорты 56,7 млн АҚШ долларын құрады және ол 2019 жылдың сәуірі мен мамыр айындағы өндірістің көлемінен 23,6%-ға төмендеді. Мұның басты себебі

санитарлық жағдайды қамтамасыз ету үшін қабылданған шараларға, іргелес Ресейдегі карантиндік шараларға байланысты тұтынушылар сұранысының күрт төмендеуіне байланысты. Есепті кезеңде барлық ірі экспорттаушылар өндіріс пен экспорты қысқартты. Отандық тауар өндірушілердің жүктемелерін ұлғайту арқылы олардың қызметтерін тұрақтандыру және қолдау көрсету мақсатында был қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарының базасында тапсырыс орналастыру мәселелері шешілді. «Орал зауыты Зенит», «БКМК» және «ЭИ Гидроприбор» АҚ-лармен жалпы шамасы 10,2 млрд теңгеге қайықтарды, кемелерді және арнайы өнім жеткізуге 19 келісімшарт жасалды. Өңірдегі машина жасаушылар бір көзден келісім жасау мақсатында «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС өндірушілерінің тізіміндегі өңірлік.

Үстіміздегі жылы аталмыш компания батысқазақстандық машина жасаушылармен 26 келісім жасады. Оның ішінде

«БКМК» АҚ-мен сыйымдылықтарды, электр дегидрататорларын, буферлік сыйымдылықтарды және никель ұнтағын жеткізуге 6, «Орал құю-механикалық зауыты» ӨК қосалқы бөлшектерді, сорғы қондырғыларын, ЦНС маркалы сорғыларды жеткізуге 20 келісімшарт жасалды. Қазіргі уақытта кәсіпорындар «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС-ға 3 өтінім берді, оның екеуі мақұлданды. Олар – «Жайық Петролеум» ЖШС (металл өндірісі), «А. Приори» ЖШС (көнекісеп орындаушы өндірісі).

Сондай-ақ «Оралагропромаш» АҚ-ның өтімі (сыйымдылықтарды шығару) қарастырылды. Облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының мамандары кәсіпкерлер арасында мемлекеттік бағдарламалар шеңберіндегі қолдаудың негізгі тетіктерін түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Батыс Қазақстан облысы

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ



European Bank  
for Reconstruction and Development

ЕҚҚДБ

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА  
ҚОЛҒАБЫСЫН ТИГІЗБЕК

Қыркүйектен бастап ЕҚҚДБ (Еуропалық қайта құру және даму банкі) Қазақстанда GEF – Green Economy Financing Facility (Жасыл экономиканы қаржыландыру тетігі) бағдарламасын іске қосты. Соның арқасында жасыл технология тек қана ірі кәсіпорындарға емес, сонымен қатар шағын бизнеске де, үй шаруашылығына да қолжетімді болады, деп мәлімдеді беделді банк өз есептемесінде.

Іс жүзінде бұл жеке бизнестің де, сонымен бірге Қазақстан Республикасы азаматтарының да тұрғын үй-жайлары мен еңбек жағдайлары жайлылығын әжептәуір арттыра алады, соның заманауи технологиялық шешімдерді енгізу арқылы қаржы мен ресурстарды үнемдеуге де қол жеткізбей екен. Қазақстан енді, ЕҚҚДБ өзінің жасыл экономиканы қолдайтын жаһандық GEF бағдарламасын енгізетін 27-ші ел болады, сондай-ақ бағдарлама әлемдік деңгейде COVID-19 пандемиясы жағдайында іске қосылатын бірінші ел болмақшы.

Қазір Қазақстандағы «Жасыл технологиялар селекторында» 15 түйінді категорияда 2800-ге жуық жайғасымдар орналастырылған. Ал энергиялық тиімді тауарларды өндірушілер мен жеткізіп берушілер Қазақстандағы GEF бағдарламасына қатыса алады. Ол үшін бұлғара өздерінің тауарларын сайттағы каталогқа жүктеулері қажет, дейді ЕҚҚДБ ресми өкілдері.



Schneider Electric  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ  
ӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУ ТУДА

Schneider Electric (Франциялық энергетика жасаушы, өнеркәсіп кәсіпорындарына, азаматтық және тұрғын үй кешендеріне, мәліметтерді қайта өңдеу орталықтарына жабдықтаушы) компаниясы – аймақтағы өнеркәсіптік жабдықтау өндірісі саласындағы түйінді кәсіпорын. Ол дәл қазір Қазақстанның нақ осы сала нарығын дамытуда серпінді жалғастырып, жергілікті кәсіпорындармен ынтымақтастығын нығайтуда, деп жазады [www.se.com](http://www.se.com) сайты.

Өзара іс-қимылдың жақсы мысалдарының бірі – өскемендік «ДИМ Строй» ЖШС-мен бірлескен жұмыс және жемісті еңбек. 2019 жылы екі компания арасында жоғары қуатты жипіліктегі модульді Altivar Process Modular қайта өзгертілген өндірісін жолға қою туралы келісімге қол жеткізілді.

Бүгінгі күні Schneider Electric-тің қазақстандық өндірісінің жабдықтауы ірі отандық компанияларда, оның ішінде KAZ Minerals да бар, және Келендік одақ елдерінде де, кейіннен қолданыса енгізіледі.



ASIAN DEVELOPMENT BANK

Азия елдерінің экономикасы  
биыл құлдырайды

Биыл Азияның дамушы елдерінде соңғы алты онжылдықта алғаш рет экономикалық өсімнің құлдырауы болжанып отыр. Алайда, қорықару індіті салдарынан болған экономикалық құлдырау аймақтың шыға бастауымен, келесі жылдан экономика ияға қалпына келе алады, деп атап көрсетеді Азия даму банкі (АДБ) 15 қыркүйекте жариялаған есептемесінде.

6 мамырға қараған түнде ішкі айына фьючерстер 28%-ға, яғни аталған мұнайдың бір барреліне 32,06 АҚШ долларына дейін өскен. Кейінірек бағалар Нұр-Сұлтан уақытымен 9:05-те 31,14 долларға дейін түзелген. Өсім 14%-ды құраған.

Қара алтын құны ОПЕК+ елдері тарапынан да өндірісті қысқарту аясында біртіндеп көтеріліп келеді. Айта кету керек, бұдан бұрын аталмыш елдер өндірісті азайтуға келіскен, олардың қатарында Қазақстан да бар.

Батыр ҚАМБАРОВ

БИЗНЕС&ҒЫЛЫМ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

НҮРЛЫ ЖОЛ

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ МЕН КАУПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

«Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Түркістан облысында ұзындығы 180 шақырым жаңа айнама жол салынады.

Бұл туралы 2020-2025 жылдарда қолға алынатын инфрақұрылымдық жобалар таныстырылған көшпелі кенес барысында айтылды. Осы ретте облыс әкімінің орынбасары Мейірман Мырзаліевтің қатысуымен өткен отырыста айтылғандай, бұл Шымкент қаласы маңындағы 48 шақырымдық Оңтүстік – Батыс және Түркістан қаласы жанындағы 30 шақырымдық Шығыс, Сарыағаш қаласы тұсындағы 102 шақырымдық айнама жолдардың құрылысы басталады.

Облыстық жолушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ролан Ибрагимовтің айтуынша, қазіргі таңда 1500 шақырымнан астам жол жөндеуі жатыр. Жыл соңына дейін оның 1200 шақырымы пайдалануға беріледі.

ЦИФРЛЫҚ КАЗАҚСТАН

ШАЛҒАЙ АУЫЛДАР ҒАЛАМТОРҒА ҚОСЫЛДЫ

Алматы облысында ауылдың 90%-дан астамы ғаламтор желісіне қосылды.

Қазірде облыстағы 732 ауылдық елді мекеннің 660-ы ғаламтор желісіне қосылған. Облыстық цифрлық технологиялар басқармасы хабарлағандай, Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі қолға алған «Талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясын қолдана отырып, ауылдық елді мекендерге кен жолақты қол жетімділікті қамтамасыз ету» жобасы аясында Жетісу өңірінде 223 ауылдың 182-сіне талшықты-оптикалық байланыс желілері жеткізілді.

Бүгінде талшықты-оптикалық байланыс желілері облыстың ең шалғай аудандарына да жетті. Былтыр Райымбек ауданы, сондай-ақ шалғайдағы Балқаш ауданы кен жолақты ғаламтор желісіне қосылды. Нәтижесінде облыстың 60 мыңнан астам тұрғыны заманауи цифрлық қызметтерге, соның ішінде электронды мемлекеттік қызметтерге, қашықтан оқуға қол жеткізді.

Қала мен ауыл арасындағы цифрлық алшақтықты азайту мақсатында желдел шешілген мәселенің бірі – мобильді интернет. Қазіргі күні 572 ауылдық елді мекенде мобильді интернетке қолжетімділік артып отыр. Бұл – жоспардың 78%. Отандық ұялы байланыс операторлары мен салалық ведомство арасында жасалған меморандум аясында биыл жылдың соңына дейін мобильді интернет тағы 84 ауылға таратылып, көрсеткіш 89%-ға жетеді, деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі. Нәтижесінде өңірге 656 ауыл мобильді интернетпен қамтылады.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ДАМУ БАНКІ

АУРУХАНА ҚҰРЫЛЫСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРАДЫ

Еуразиялық даму банкі Қазақстандағы ауруханалар құрылысын қаржыландырады.

Осы орайда Денсаулық сақтау министрлігі мен Еуразиялық даму банкі (ЕДБ) арасында өзара түсіністік пен ниғамтастықты туралы меморандумға қол қойылды.

Келісім аясында тараптар бірнеше бағытта ниғамтастықты орнатуға ниетті. Атап айтқанда, ЕДБ министрліктің жобаларын қаржыландыру, оның ішінде денсаулық сақтау инфрақұрылымын жанаруға жәрдемдесу; ЕДБ-ға қатысушы мемлекеттерде МЖӘ-бастамалары игерілету арқылы жеке секторды тарту және жобалау алдындағы дайындық тексерісін дамыту. «Президент Жолдауы, сондай-ақ 2020-2024 жылдарға арналған денсаулық сақтау саласын дамыту бағдарламасы аясында министрлік салда инфрақұрылымды жанару бағытында ЕДБ-мен бірлесіп жұмыс бастауға дайын екенін білдірді», – делі сала басшысы Алексей Шой.

Өз кезегінде ЕДБ басқарма төрағасы Николай Подгужов халықаралық қаржы ұйымы ретінде банк министрлік іске асырып жатқан жобаларға қатысуға және көмек көрсетуге мүдделі, серіктестік ұзақ мерзімді және өзара тиімді ниғамтастықты дамытуға бағытталғанын атап өтті.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Өз кемшілігімен күресе білген қоғам ғана дамиды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауы қоғамда үлкен серпіліс туғарды. Жолдаудың өзекті мәселелері көтерілді, әрі бұл мәселелер төменнен жоғарыға жеткен, қоғамның көп саласындағы келісілсіздіктерді естуден туындаған.

Енді осы Жолдаудағы бізді елен еткізген және шынымен де шешуі кезек күттірмейтін мәселелерге қатысты пікірімізді білдірейік. Ең алдымен, кәсіби біліктілігі жоғары, тың бастамалары бар жаңашыл мамандарға мұқтаж екеніміз туралы Президентіміздің сөзі барлығымызды мазалайды. Дәл осындай маман қазіргі кезде мемлекеттік қызметке қажет екенін уақыттың өзі көрсетті және Жолдауда осыған жетудің нақты қадамдары, тапсырмалар берілді. Екіншіден, жаһандану кезеңіндегі мәдениет, экономика, рухани өмір, рухани саламаттылық тұрғысынан озық елдердің барлығында да бұған қол жеткізудің бірден-бір жолы – адам капиталының дамуы екенін қазіргі тарихтың өзі көрсетіп отыр. Сондықтан Президентіміз «Жаңа тінтегі білім беруге инвестиция-

лар жұмсау» туралы тапсырмасын орындауға кірісу керек. Осыған байланысты қоғамның өз өмір сапасын арттыру үшін үнемі Үкіметке потенциалістік сезіммен қарау сияқты қасан стереотипін бұзу жолдары мен тәсілдері, өсіресе қоғамдық-гуманитарлық сала ғылымдарының зерттеулерінде ашылып көрсетіліп, кең талқыланатын өзекті ғылыми мәселеге айналуы тиіс.

«Қоршаған ортаның саламаттылығын сақтау, жасыл экономика мәселесі де тек қана нақты материалдық қолдаулар мен қаржыны немесе жоғарыдан берілген тапсырмалары арқасында шешілетін мәселе емес. Себебі экологиялық сана болмайынша, жасыл экономикаға, қоршаған ортаның саламаттылығына, тазалығына қол жеткізу қиын. Ал экологиялық санады қалыптастырудың негізгі көздері ана тілде жатқанын жақсы білеміз. Себебі қазақ тілін бала кезден жете түсініп, меңгеріп, терең танып өскен тіл иелмесі санасында экологиялық концептілер берік орнығады. Мәселен, тілімізде экологиялық мәдениетті қалыптастыратын фразеологиялар, тұрақты тіркестер, тыйымдардың тілдік репрезентанттары қазақтілді ортаны бала кезден

тәрбиелеп, экологиялық санасын қалыптастырып қояды. Сондықтан осы тілдегі білімдер жүйесін, яғни табиғатты қорғау, табиғатты сүю, өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезінуге үйрететін тілдегі білімдер жүйесін қазіргі білім беру бағдарламаларына әліппеден бастап енгізуді ұсынамыз. Ол білімдер қалай бола бойына сінеді дегенде, сұра дәрет сындырмау, жерге түкірмеу, көкті жұмау деген сияқты толып жатқан осындай тыйымдар жерді, суды, көкті қалпына қайтаруға үйретеді.

Жолдаудағы аса бір өзекті мәселе – ол ғылым саласын дамытуға қатысты Президенттің алға тартқан міндеттері. Мәселен, 500 ғалымның жыл сайын тағлымдамадан өтуін қамтамасыз ету туралы Президент тапсырмасы Қазақстан ғылымының тоқырап қалған көптеген саласына қан жүгіретіні айтқан анық. Сол сияқты «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу үшін бөлінетін 1000 грант зерттеушілік белсенділікті ғана емес, қазіргі беделі төмендеп кеткен ғалымның әлеуметтік мәртебесін де көтеруге септігін тигізеді. Бұл гранттар қазіргі заманғы әлемдік ғылымдағы жаңа бағыттар бойынша тығымсыз ізденістер жүргізуге біздің жастарымызға зор мүмкіндік беретіні ерекше қуантады.

Биыл А. Байтұрсынұлының 150 жылдығына байланысты Тіл білімі институты «Ахмет оқулары – 2020» шарасын алғаш рет жүзеге асырып отыр. Атадан шарының Президентіміз Жолдауды келтірген: «Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Білімі болуға оқу керек. Бай болуға қасиет керек. Құшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген мәселесімен үйлескен шара екенін осы оқуға қатысушылардың көптігі, белсенділігі дәлелден берді. Қоғам нағыз рухани жаңғыруға өлден дайын әрі толық кіріскелі отыр. Сондай кезеңде Президентіміздің де қоғамның мұн-мұқтажын айтып, қолдауы қуантады. «Жанғарым қоғам жат әдеттерден біртіндеп арылып керектігі» туралы қорытынды сөзінде келтірілген, қазақ бойындағы жағымсыз қасиеттерді сынаған Абайдың сөздері – «Өңкей жалған мақтамен, шынның бетін бойяды» – қазіргі қоғам саламаттылығы үшін керекті-ақ. Өйткені өз кемшілігін өзі мойындай білген, өз кемшілігін жоюға беттен қоғам ғана дамиды, сол қоғам ғана өміршен болады.

Анар ФАЗЫЛЖАНОВА, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры

ҒЫЛЫМ&БІЛІМ

Инвестиция мен күрделі қаржы жұмсалымы неге өзгеше?

2020 жылдың қаңтар-шілдесінде кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет саласындағы негізгі капиталға инвестициялар 20,9 млрд теңгені – 2019 жылдың осындай кезеңіне қарағанда (НҚН – нақты көлем индексі – 52,1%) 46,8%-ға аз мөлшерді құраған. Мұндай мәліметтерді fiprom.kz өз сайтында жариялап отыр.

ИСАТАЙ КАМБАРОВ

Салыстырар болсақ: сектордағы күрделі қаржы жұмсалымдары 2019



Негізгі капиталға инвестициялар. Білім беру. Қаңтар-шілде (млрд тг)



жылдың қаңтар-шілдесінде 39,3 млрд теңгені құрапты – бір жыл бұрынғыдан 1,9 есе көп. Аймақтарға шаққанда мейлінше көлемді салымдар Алматы (26,1%) өңірінде – 5,5 млрд теңге, сонда да бұның өзі бір жыл бұрынғыдан бірден 3,9 есе аз.

Кезекті төрттен бірі (25,6%) Атырау облысына бұйырыпты: 5,4 млрд теңге, бұл ретте мұндағы көрсеткіш 2019 жылдың қаңтар-шілдесіне қарағанда 2,3 есе артық. Аймақтардың үздік үштігін астанамыз түйіндеді: 2,5 – бұдан бір жыл бұрынғыдан 2,7 есе кем.

Осы сектордағы капиталдық инвестициялардың айтарлықтай өсімі Павлодар облысында тіркелген: 1,4 млрд теңгеге дейін, 12,1 есе артық. Қауіпсіздік қайсыра Шымкентте байқалған: 24,1 млн теңгеге дейін азайып, көрсеткіш былтырғыдан 26,5 есе кем түсіпті.

Кәсіби, ғылыми және техникалық қызметті қаржыландырудың негізгі көзі – меншікті қаражат болып отыр: инвестициялық портфельдің 89,7%-ы немесе 18,7 млрд теңге, өткен жылғы көрсеткіштен екі есе аз. Жергілікті бюджеттен секторға 216 млн теңге инвестиция салынған – бір жыл бұрынғыдан 13,1%-ға көп. Банктік кредиттердің 12 млн теңгесі

– 2019 жылғы қарағанда 15,9 есе аз жұмсалған (1-цифрография). Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 2021-2023 жылдарға арналған салалық ғылыми зерттеулерді бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруға байқау жариялады, деп хабарлайды Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті. Байқау мынадай бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру бойынша өткізіледі: геология, минералды және көмірсутегі шикізатын өндіру мен қайта өңдеу, жаңа материалдар, технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен құрылмалар; өмір мен денсаулық туралы ғылым.

Ғылым саласын дамыту туралы Мемлекет басшысының осы айдың басында халыққа арнаған Жолдауында: «Бұл мәселеде бізге тын көзқарас пен жаңа тәсілдер керек, сондай-ақ халықаралық тәжірибеге қарау сүйейміз қажет. Үкіметке жыл сайын өзіміздің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымның тағлымдамадан өтуін қамтамасыз етуі, сондай-ақ «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу жүргізу үшін 1000 грант бөлуі тапсырымын. Ғылымды қаржыландырудың және қолдаудың маңызды көзі – ірі қасиеткерлердің, өсіресе шикізат саласындағы

компаниялардың қаражаты», – деп атап айтты. Демек, өз еліміздегі ішкі мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, озық технологиялар мен ғылым жетістіктерін өз қаржы-қаражаттарымызбен экономикамызды дамытуға өлден болады. Президенттің соңғы Жолдауы шын мәнінде осы мәселелерге жете мән беруге жұмылдыралды десем, қателеспес едім. Енді білім саласына қаншалықты көңіл бөлінетініне зер салайық.

БІЛІМ БЕРУГЕ КҮРДЕЛІ ЖҰМСАЛЫМДАР 9%-ҒА АРТҚАН

Ағымдағы жылдың қаңтар-шілдесінде білім беру саласына аударылып күрделі қаржы жұмсалымдары 101,3 млрд теңгені құраған, бұл өткен жылдың осындай кезеңінен – 9,2%-ға (ИКО – 108,4%) артық деген өз (2-цифрография).

Сонымен бірге елдің күрделі қаржы жұмсалымдары жалпы сомасының білім беру саласына инвестициялар үлесі де өскен. Апта кету керек, еліміздегі инвестициялардың жалпы сомасы өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 3,2%-ға (ИКО – 94,8%) төмендеген, сөйтіп нәтижесінде 6,1 трлн теңгені құраған.

Инвестициялардың неғұрлым мол көлемі оңтүстіктегі аймақтарға тиесілі. Күрделі қаржы жұмсалымдарының ең ауқымды көлемі Алматы облысында байқалған: 13,5 млрд теңге – былтырғы тиісті кезеңнен (8,8 млрд теңге) 75,6%-ға көбірек. Инвестициялардың неғұрлым көп сомасымен қосбастанғы аумақтардың үштігінде сондай-ақ Алматы қаласы (14,5 млрд теңге) және Түркістан облысы (8,8 млрд теңге) енген.

Table with 4 columns: Category, 2020, 2019, % change. Rows include Regional budget, Bank credits, Loans, etc.

Топ-5 үздіктерді Нұр-Сұлтан қаласы (7,5 млрд теңге) және Жамбыл облысы (7,3 млрд теңге) түйіндеді.

Білім беру саласына инвестициялар өсуінің негізгі себебі жергілікті бюджеттерден бөлінген қаржылардың көлемі – 2 еседен көп, 75,1 млрд теңгеге дейін артқан.

Сонымен қатар күрделі қаржы жұмсалымдары банкілердің кредиттері есебінен де өскен. Мәселен, 2019 жылдың жеті айында кредитор сомасының барлығы 375 млн теңге болса, ал ағымдағы жылдың осындай кезеңінде олар 1,9 млрд теңгеге дейін артқан.

Өз кезегінде, меншікті қаражаттар есебінен инвестициялар соңғы бір жылда 33,6%-ға қысқарып, 16,3 млрд теңгені құрапты, ал республикалық бюджеттен бөлінген қаржы бірден 75,8%-ға, 8,1 млрд теңгеге дейін қысқарған (таблица).



## БИЗНЕС&amp;ҚАРЖЫ

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## ▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

АҚША-КРЕДИТ СЯСАТЫНА  
ЖАҢАША ҚӨЗҚАРАС

Биыл жылдың соңына дейін ақша-кредит саясаты жөніндегі комитет құрылады.

Осы ретте Ұлттық банк төрағасының орынбасары Ақылжан Баймағамбетов Президент Жолдауында алға қойылған міндеттерді іске асыру жөніндегі шаралар туралы айта келіп, ақша-кредит саясатына жаңаша көзқарасқа тоқталды. Қазіргі уақытта Ұлттық банк Ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясын әзірлеуде. Ол ақша-кредит саясатын тиімді іске асыруға келергі келтіретін жүйелік проблемаларды жоюға ықпал етеді, ұлттық валютаға және жүргізіліп отырған саясатқа деген сенімді арттырады, сондай-ақ инфляция деңгейі тұрақтылығын қамтамасыз ету арқылы ел экономикасына ұзақ мерзімді инвестициялар тарту үшін болжамды орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ақылжан Баймағамбетов валюта нарығының тиімділігін арттыру мақсатында үкіметпен бірлесіп валюталық түсімді елге қайтарудың қосымша шаралары қаралатынын, оны іске асыру үшін экспорттаушыларға қолайлы жағдайлар жасалатынын айтты. Сонымен қатар, Президенттің тапсырмасы бойынша биылғы жылдың соңына дейін Ұлттық банк жанынан ақша-кредит саясаты жөніндегі комитет құрылады. Бұл алдымен органның басты міндеті базалық мөлшерлеме мен оның дәлізін деңгейі жөнінде шешім қабылдау болып табылады. Орта мерзімді перспективада оның құрамына тәуелсіз мүшелер кіреді.

## ▶ АХКО: AIX

ӘЛЕМДІК ДЕНГЕЙДЕГІ САУДА  
АЛАНЫ РЕТІНДЕ МОЙЫНДАЛДЫ

Астана халықаралық биржасы – AIX FTSE Frontier Index Series талаптарына сәйкес келетін сауда алаңы ретінде мойындалды.

FTSE Russell Astana International Exchange-ні (AIX, биржа) FTSE Frontier индекстер сериясының негізгі қағидаларына сәйкес келетін сауда алаңы ретінде мойындады. FTSE Russell индекстері инвестициялық нарықтың 98%-ын қамтиды және бүкіл әлем бойынша жергілікті индикаторлар әзірлеу кезінде алынатын сараптамалық деректерді ұсына отырып, әлемдік нарықтардағы нақты ахуалды көрсетеді. FTSE Russell Index сараптамасы мен өнімдері индекстерге қатысты бүкіл әлемде институционалдық және бөлшек сауда инвесторлары кеңінен қолданылады.

AIX-те листингтелген бағалы қағаздар осы қыркүйекте FTSE Frontier Index Series сериясының жыл сайынғы шолуы кезінде индекске енгізу ықтималдылығы үшін бағаланып отырады. «Бұл AIX-тің FTSE Russell талаптарына сәйкес келетін сауда алаңы ретінде мойындалғанын қуана хабарлаймыз. Бұл соңғы екі жыл ішінде әлемдік кластағы сауда алаңы ретінде үшін AIX командасы жұмысқа күш-жігерін жоғары бағалауы», — деп AIX басқарма төрағасы Тим Беннетт.

Бұл AIX және AIFC үшін маңызды кезең, ол Қазақстанның инвестициялық позициясының нығайтандығын көрсетеді. AIX-тің FTSE Frontier индексіне енгізілуі AIX-ке сауда алаңы ретінде сенудің және Қазақстан капитал нарығының одан әрі дамуының куәсі, деп бағалайды сарапшылар.

AIX-ті сәйкес сауда алаңы ретінде мойындау биржаның инфрақұрылымы мен өтімділік пұлы енді Қазақстанның FTSE Frontier Index-тегі рейтингінің үшін индикаторлардың бірі ретінде қаралатынын білдіреді. Сонымен қатар, AIX-ті FTSE Frontier Index тізіміне қосу еліміздің қайтамама дамушы нарықтар (Secondary Emerging Market) сапында болуды көзделген орта мерзімді мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін болды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша FTSE Emerging Indexes нарығы 200 млрд доллар шамасын құрайды. Биылғы 31 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстанның ондағы үлесі — 1,79%.

## ▶ ӘЛЕУМЕТ

243 МЛРД ТЕНГЕ  
ЖӨРДЕМАҚЫ ТӨЛЕНДІ

Биылғы жылдың отыз алтыншы қазақстандықтарға 243 млрд тенге әлеуметтік жәрдемақы төленді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, биыл қантар-тамыз аралығында республикалық бюджеттен мүгедектікке байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуге 193,8 млрд тенге, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы төлеуге 49,6 млрд тенге бөлінді. Тамыз айында республикалық бюджеттен мүгедектікке байланысты жәрдемақы — 24,3 млрд тенге, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы — 6,1 млрд тенге батылды. 1 қыркүйектегі жағдай бойынша мүгедектікке байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың саны 533,1 мың, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы алушылар саны 156,6 мың адам болды. Мүгедектікке және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері мүгедектіктің тобы мен себебіне, қайтыс болған (қаза тапқан) асыраушының қарауында болған адамдар санына, сондай-ақ тиісті қаржы жалдына арналған республикалық бюджет тұрағы заңда белгіленген ең төменгі күнкөрсетілетін деңгейіне байланысты болды. Биыл 1 қыркүйекте мүгедектіктің бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері — 45 651 теңге, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері — 38 850 теңге.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

## ▶ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА

Мұнай бағасы құлдырап,  
теңге әлсіреуде:  
Ішкі нарықтағы  
жағдай қалай болмақ?

Посткапиталистік кезең дағдарысы мен коронавирустық пандемияның жалғасуы жағдайында өтіп жатқан биылғы жыл әлемдік нарықта көмірсутектерге сұраныс төмендеуі үстінде. Негізгі экспорттық тауарымыз — мұнай бағасы құлдырап, ұлттық валюта әлсіреуде. Осыған орай Ұлттық банк төрағасының орынбасары Әлия Молдабаеваның ішкі валюта нарығында жағдайдың дамуы және өлем нарықтарындағы ахуал туралы қаржы реттеушінің сайтында жарияланған шолуды ғыназ оқырмандары назарына ұсынып отырмыз.

ТАМЫЗ:  
ӘЛЕМ НАРЫҚТАРЫНДАҒЫ  
ЖАҒДАЙ

Жалпы алғанда, тамызда сыртқы жағдайлар аясы бейтарап болды. Мұнайға баға белгілеу бір ай ішінде елеулі өзгеріссіз және артық құбылмалылықсыз \$44,15-45,86 тар ауқымында саудаланды.

Айдың басында инвесторлар бақылап отырған маңызды экономикалық көрсеткіштердің бірі — АҚШ және Еуроаймақ өндіріс секторындағы іскерлік белсенділік бойынша деректер шықты. 50 тармақтан жоғары индекстердің мәндері әлемнің жетекші экономикаларында өндіріс қуатының қалпына келгенін көрсетті. Қолайлы макроэкономикалық статистика аясында әлемдік қор индекстері өсуін жалғастырды, мысалы, S&P500 америкалық акциялар индексі тамызда 7%-ға өсті, акциялардың жаһандық нарығының жай-күйін көрсететін MSCI World индексі тамызда 6,5%-дан астам өсті. Алайда, инвесторлардың тәуекелге әуестігінің одан әрі артуын коронавирус эпидемиясы жағдайынан қауіптену және жетекші елдердің арасындағы сауда келіспеушіліктерінің күшеюі тежелді. АҚШ федералдық резервтер жүйесі (ФРЖ) басшылары вирустың таралуына байланысты АҚШ экономикасы перспективаларының белгісіздігі жоғары екенін көрсетті. Геосаяси жағдайда АҚШ президенті КХР-мен жоспарланған келіссөздері белгісіз мерзімге кейінге қалдырылды.

Өткен айда АҚШ доллары бағамының әлсіреуі елеулі үрдіс болды. Дамыған елдер валюталарына шаққандағы доллар индексі АҚШ ФРЖ-ның инфляцияның орташа көрсеткішіне бағдарды өзгерту туралы мәлімдемесі аясында тамыздың соңына қарай екі жылдық минимумға жетті.

Бұл шара инфляцияның нысаналы мәннен жоғары көтерілуі мүмкіндігімен мөлшерлемелерді төмен деңгейлерде мейлінше ұзақ уақыт ұстап тұруға мүмкіндік беретіні болжанады. Бұл жағдайда ФРЖ ұзақ уақыт икемді монетарлық саясат жүргізе алады, бұл да АҚШ қазынашылық облигацияларының нақты мөлшерлемелерінің төмендеуіне ықпал етті және алтын бағамының бір уния үшін \$2000-дан жоғары рекордтық мәнне дейін көтерілуіне алып келді. Басқа жағдайларға қатысты алғанда, сыртқы ая ішкі нарық үшін салыстырмалы түрде қалыпты болды.

## ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

Доллардың дамыған елдердің валюталарына қатысты әлсіреуіне қарамастан, дамушы елдердің валюталары түрлі бағыттағы, көбінесе ішкі факторларға байланысты болатын серпініді көрсетті.

Егер Бразилия реалы және түрік лирасы сияқты валюталар тиісінше 5,2%-ға және 5,3%-ға әлсіресе, Мексика песосы 1,8%-ға, Индонезия рупиясы 0,3%-ға нығайды.

Шілдедегі аздаған әлсіреуден кейін тамызда айырбастау бағамының салыстырмалы түрде шоғырланғанын байқадық. Бір айда теңгенің ресми бағамы 418-ден



420,11-ге дейін 0,5%-ға әлсіреді. Биржада тамызда теңгенің орташа бағамы 417,87 — 420,11 тар аралықта қалыптасты.

Ұлттық банк тамызда валюта нарығына қатысқан жоқ. Бағамның өзгеруі орташа құбылмалықпен сипатталды және көбінесе ішкі факторлардың әсерінде болды. Биржада сауда-саттықтың жалпы көлемі шілдемен салыстырғанда 2,1 млрд доллардан 2,2 млрд долларға дейін азап өсті.

Тамызда бейрезиденттердің 13 млрд теңге сомада ҚР бағалы қағаздар нарығына шамалы келуі байқалды және тамыздың соңында ноттардағы және Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарындағы (МБК) шетел инвестицияларының көлемі 172,1 млрд теңге болғанын да атап өткім келеді.

## ТЕНГЕ БАҒАМАЫ

Тенге бағамының тамыздың желеленген күндері сыртқы факторлармен байланысты емес нығайту байқалды. Бұл салық төлемдеріне қатысты шетел валютасы ұсынысының маусымдық ұлғаюымен байланысты болды. «Салық» аптасының әсер ететін мұндай нәтижесі мұнайға баға белгілеу ең төменгі мөлшердегі құлдыраған биылғы наурызға да басталған дағдарыс кезінен бері алғашқы рет байқалды.

Өлетте, тамызда басқа маусымдық фактор — жазғы демалыс кезеңімен байланысты сұраныс байқалды. Алайда ағымдағы жылы пандемияға байланысты шектеулер себебінен бұл фактор орын алмады. Тамызда кепілдік берілген трансфертті қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық банк Ұлттық қордан 681 млн долларға валюта сатуы жүзеге асырды. Тамызда трансфертті жүзеге асыру үшін конвертациялау мөлшері алдыңғы айлармен салыстырғанда айтарлықтай төмен болды, бірақ бұл валюта нарығындағы теңгерімсіздікке әкелмеді.

Квзимемлекеттік сектор компаниялары өз міндеттемелері шеңберінде бір айда 266 млн доллар сомаға валюталық түсімнің бір бөлігін сатты, бұл да сұраныстың төмендеуіне әкелді.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР

Алдын ала деректер бойынша, Ұлттық қордың активтерінің халықаралық. Қазақстанның халықаралық резервтері тамыздың соңында 94,1 млрд долларды құрады.

Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері тамыздың қорытындысы бойынша бір айда 22 млн долларға шамалы ұлғайып, 35,4 млрд долларды құрады.

Бір ай ішінде біз екінші деңгейдегі банктің Ұлттық банктің валюталық шоттарына қаражаттың әкелінуін бақыладық, ол негізінен 300 млн доллар мөлшерінде мемлекеттік борыш бойынша төлемдерді жүзеге асырумен теңестірілді.

Резервтер құрамындағы алтын тұрақты деңгейде қалып отыр. Айдың бірінші жартысында алтын бағамының бір уния үшін 2075 доллар тарихи максимумға дейін рекордтық өсуінен кейін, тамызда сары металдың бағасы 1975 доллардан 1956 долларға дейін 1%-ға төмендеді. Құбылмалылықтың артуына қарамастан, Ұлттық банк мемлекеттің отандық алтын сатып алуға басым құқығын іске асыруға жалғастыруға ниет білдіріп отыр.

ҰЛТТЫҚ ҚОР:  
БЮДЖЕТТІК  
АКТИВТЕР

Алдын ала деректер бойынша, Ұлттық қордың валюталық активтері тамызда 0,44 млрд долларға ұлғайып, 58,68 млрд доллар құрады.

Әлемдік қор нарықтарындағы жағдай Ұлттық қордың көлеміне он әсер етті. Осылайша, тамызда акциялар нарығының 6,5%-дан астам өсуіне және облигациялар нарығында 0,34%-ға азап өсуіне байланысты шамамен \$1 млрд мөлшерінде он инвестициялық кіріс алды. Қорға түсетін валюта түсімдерінің көлемі \$112 млн құрады.

Қордан алу кепілдендірілген трансфертті бөлуден байланысты болды, оның көлемі тамызда 287 млрд теңгені құрады.

ТЕНГЕНІң ӘЛСІРЕУ  
СЕБЕПТЕРІ

Тенгенің әлсіреуі біздің негізгі экспорттық тауарымыз — мұнай бағамының құлдырауымен тікелей байланысты. Қыркүйектің басынан бері инвесторлардың көмірсутектерге сұраныстың қалпына келуіне қатысты алаңдаушылығы аясында мұнай бағамы төмендеді. Осы тұрғыда дамушы нарықтар мен шикізат экономикаларының валюталары қысым көріп отыр.

15 маусымнан бастап мұнай бағамы біздің жергілікті нарық жабылғаннан кейін 8 қыркүйекте \$39,4 белгісіне жетіп, алғаш рет \$40-тан төмен түсті. 9 қыркүйектегі биржалық сауда-саттық барысында АҚШ долларына қатысты теңге бағамы 426,50 деңгейіне дейін немесе алдыңғы күннің жабуы деңгейінен 0,6%-ға әлсіреді. Алайда, кеше кешке мұнай бағамы бойынша ауытқуды да, сондай-ақ қор нарықтарында біршама қалпына келуді де байқадық.

ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ  
НАРЫҚТАРЫНДАҒЫ АХУАЛ

Қыркүйектің басынан бері біз акциялар нарығының өсуі алдымен технологиялық сектордағы акцияларды жаппай сату, содан кейін қор индекстерінің құлдырауымен қалай өзгергенін байқаймыз. Covid-19-ға қарсы AstraZeneca вакцинасын сынауды тоқтата тұру туралы хабарламалар аясында инвесторлардың тәуекелге әуестігінің төмендеуі байқалды.

Қыркүйектің ортасында ФРЖ ашық нарықтар жөніндегі комитетінің отырысы өтеді. Бұған дейін АҚШ ФРЖ мөлшерлемелері әлі де ұзақ уақыт бойы төмен деңгейде қалай деп болжан болатын. Орталық банктің бұрын-соңды болмаған шаралары нәтижесінде өтімділік ағынының активтерді қоллауымен жалғасып жатқанына қарамастан, нарықтар коронавирустық пандемияның жалғасуына және оның салдарына, сондай-ақ ағымдағы жылғы қарашада АҚШ президентінің сайлауына байланысты күнде тұрақсыздықтың өсуіне ұшырауда.

Геосаяси тәуекелдердің ықпалында қалып отырған ресей рублінің теріс серпінін де атап өткен жөн.

РФ ОБ ағымдағы мөлшерлемесі өзін «терминалды» мәніне жету ықтималдығы жоғары екенін, сондай-ақ бюджетті қаржыландыру бойынша аукциондарда ФҚО орналастыру кезіндегі аумспалы жетістікті ескере отырып, рубльдің одан әрі әлсіреуі қауіп сақталуда.

Тенге үшін негізгі іргелі фактор болып табылатын мұнай бағамы қыркүйектің басынан бері қысымға ұшырады. Ағымдағы айдың басынан бастап құлдырау 11%-дан асты.

Көмірсутектерге сұранысты жақын арада қалпына келтіруде инвесторлардың сенімсіздігі негізгі теріс фактор болып табылады. Бұған Saudi Agato сарпанын мұнайға баға түзетулері туралы жанадық қосылды. Компания қазанда Азия мен АҚШ сатып алушылары үшін бағамың төмендегенін мәлімдеді. Мұнай бағамының сақталып отырған құбылмалылығы ұлттық валюта үшін тәуекелдің басты факторы болып қала берді. Екінші жағынан, локдаун алынатын тасталғаннан кейін әлемдік мұнай тұтыну серпіні біріндеп қалпына келеді. Covid-19 жағдайының одан әрі дамуы және ОПЕК+ мүше елдердің саясаты мұнай бағамы үшін негізгі факторлар болып табылады.

Ұлттық банк сыртқы және ішкі нарықтардағы оқиғаларды мониторинг жүргізуді жалғастыруда және төтенше жағдайлар дамыған жағдайда қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін барлық қолжетімді құралдар жанын пайдалануға дайын.

Бекет КӨКЕНАЙҰЛЫ

**БИЗНЕС&ӨНДІРІС**

ЖЕРГІЛІКТЕНДІРУ

# Құрылыс отандық үлеспен қамтылуда

> [11

Мұндай материалдардың көпшілігі өзімізде өндірілсе де, нарықтың қажеттілігін толықтай жаба алмай отыр. Сондықтан биыл құрылыс материалдарының 5 түрін, атап айтқанда шыны, полиэтилен құбырлары, құрғақ құрылыс қоспалары, арматура, керамикалық тақтайша өндіру бойынша импорт алмастыратын 8 жобаны іске қосу жоспарланған. Олардың өндіріс көлемі – 103 млрд теңге. Осы есепте импорт үлесін 15%-ке төмендетіп, тұрғын үй құрылысында отандық өнімдер қолданысын 90%-ке арттыру көзделуде. Сондай-ақ жылу оқшаулағыш материалдар, керамикалық отқа төзімді кірпіш, санфаянз өндіретін жобалар іске асырылып, олардың өндіріс көлемі 61 млрд теңге болады. Бұл құрылыс материалдарының осы түрлері бойынша импорт үлесін 8%-ке азайтуға мүмкіндік береді. Осылайша құрылыс материалдарының негізгі түрлері бойынша жоспарланған барлық жобаларды іске асырумен импорт 23%-ке азайтылмақ.

Тағы бір маңызды мәселе – құрылыстағы қазақстандық қамту үлесін арттыруды нормативтік тұрғыдан реттеу. Қазірде құрылған құқықтық базада бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша қазақстандық құрылыс материалдарын қолдану міндеттелген. Бұл ЖСК-ға (жобалау-сметалық құжаттама) салынған отандық материалдарды импорттық материалдарға негізсіз ауыстыруды азайтады, сондай-ақ құрылыс жобаларында жергілікті қамтуды сақтау бойынша техникалық қадағалау мен тапсырыс берушілердің жұмыс тиімділігі мен жауапкершілігін арттырады. Қолдануға нормативтік құқықтық актілерге қазақстандық қамту



үлесін арттыруға бағытталған бірқатар өзгерістер енгізілді. Мысалы, тапсырыс берушілерге жобалау тапсырмасында тауарлардың, жұмыстардың, көрсеткіштердің келісіміне және оларды жеткізушілердің дерекқорына енгізілген қазақстандық өндірістің құрылыс материалдарын, жабдықтарын, бұйымдары мен конструкцияларын қолдануды енгізу міндеттемелері қарастырылған. Сонымен қатар, нормативтік құқықтық актілерде мердігерлерді қазақстандық мазмұндағы құрылыс материалдары мен жабдықтарын қолдануға, тапсырыс берушілерді порталау жиынтық тізімдеме жариялауға, тапсырыс берушілерді қазақстандық өндірістің құрылыс материалдары мен жабдықтарын қолдану бойынша мердігерді бақылауды жүзеге асыруға

міндеттейтін өзгерістер бар. Жетілдіру жұмыстары әрі қарай да жалғасатын болады. Құрылыс мерзімдерінің келісіміне жол бермеу мақсатында нормативтік құқықтық актілерге жобалау-сметалық құжаттамада отандық құрылыс материалдарын импорттық материалдарға ауыстыруға түбегейлі негіздерді белгілеу бөлігінде түзетулер енгізілді. Осылайша, ЖСК-да құрылыс материалдарын ауыстыру егер өндіріс көлемі қазақстандық өндірістің құрылыс материалдарының қажеттілігін жаппаса, қазақстандық құрылыс материалдарының өндірісі болмаған немесе өндіріс тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ ЖСК-ға сәйкес күндіз көрсеткіштерден аспай, техникалық сипаттамаларға сәйкес келген жағдайда мүмкін болады.

Сонымен қатар, құрылыс объектілерінің сапасын бақылауды күшейту және құрылыс процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету шеңберінде «Е-құрылыс» бірыңғай ақпараттық жүйесін енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл қажетті атқарушылық техникалық құжаттарды одан әрі түзету мүмкіндігінсіз тікелей жүйеде қалыптастыру жолымен қағаз құжат айналымын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Бұл жүйені өнеркәсіптік пайдалануға енгізу 2021 жылдың соңына қарай жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда «Е-құрылыс» баж атрибуты болып табылатын мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарына техникалық қадағалаудың ай сайынғы есептерін беру рәсімі автоматтандырылды.

**НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

► ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУКАТ

**КАРАНТИН КЕЗЕҢІНДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯ**

Биыл «Самұрық-Қазына» қоры 2,3 трлн теңге көлемінде тікелей шетелдік инвестиция тартады.

Екінші жартыжылдықта «Самұрық-Қазына» ҰӘК» АҚ компаниялар тобы бойынша 1,1 трлн теңгеден астам сомда тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) тартылды деп күтілуде. Ағымдағы жылы қордың портфельдік компанияларының қатысуымен мұнай-газ, химия, энергетика және тау-кен металлургия кешені салаларындағы 23 инвестициялық жобаға 2,3 трлн теңге мөлшерінде ТШИ тарту көзделіп отыр.

World Investment Report мәліметтеріне сәйкес, әлемде ТШИ көлемі 2020 жылдан 2021 жылға дейін 40%-ға күрт қысқаруы деп күтілуде. Карантин және жаһандық жеткізілімдердің нашарлауы жағдайында қор тарапынан уақытлы қабылданған шаралардың нәтижесінде ТШИ көлемі айтарлықтай төмендеген жоқ және бытырғы деңгейден 85%-ға орындалуына қол жеткізді. Қор компаниялар тобы тартқан ТШИ мөлшері былтыр 2,8 трлн теңгені немесе елімізге келген барлық тікелей шетелдік инвестициялардың 30,3%-ын құрады.

Сонымен қатар, қор компаниялар тобының қатысуымен бірқатар салаар шетелдік инвесторлардың тұрақты қызығушылығын көрсетуде. Мәселен, энергетика саласында 30 млрд теңге мөлшерінде ТШИ тартылатын Ереиментау қаласындағы қуаты 50МВт болатын ЖЭС және қуаты 60МВт Шелек ЖЭС жобалары бар. Мұнай-химия саласында 271 млрд теңге көлемінде ТШИ тартылатын КРІ газ-химия кешенінің құрылысы, мұнай-газ саласында 7,2 млрд теңге – «Бойой» ЖТҚ-да газ сақтау қуатын арттыру және тағы басқа жобалар жүзеге асырылуда.

Айта кетейік, биыл маусым айында S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Самұрық-Қазына» АҚ ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді несиелік рейтингтерін «BB+/B» деңгейінде растады, «Тұрақты» деген болжам берді. Сондай-ақ қордың «kzAA+» ұлттық шкаласы бойынша рейтингін растады. Оз кезегінде Fitch Ratings агенттігі қорға «BBV» деңгейінде рейтинг берді, болжам «Тұрақты»/«F2». Қазіргі таңда Самұрық-Қазына – активтерінің көлемі бойынша әлемнің ТОП-30 егеменді қорлары арасында 21-ші орында.

► ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**СУЛАНДЫРУ ЖЕЛІЛЕРІ ЖАНАРТЫЛУДА**

Алматы облысында жыл соңына дейін 20 мың гектарға жуық суармалы жер айналымға енгізіледі.

Облыс әкімі баспасөз қызметінің хабарлауынша, Ислам даму банкінің қаражаты есебінен ирригациялық желілерді қайта құру, 10 су шаруашылығы нысанын күрделі жөнделуен өткізу нәтижесінде биыл жылдың соңына дейін 20 мың гектарға жуық суармалы жерді айналымға енгізу жоспарланып отыр. Жалпы өңірдегі 16 ауданда осы реттегі жобаларды жүзеге асыру және 137,8 мың гектар суармалы жерді қалпына келтіру жоспарланған.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметтеріне сәйкес, өңірде 214 гидротехникалық құрылыс, оның ішінде 75 су қоймасы, 85 тоған, 21 су қоймасы бөтегі және 33 су жинағыш торап бар. Барлық ирригациялық желілердің ұзындығы 16,5 мың шақырымды құрайды. 2015-2019 жылдары 33 су нысанын жөнделу-қалпына келтіру жұмыстарына жергілікті бюджеттен 4,7 миллиард теңге бөлінді. Жөнделу жұмыстарының нәтижесінде 19,3 мың гектар суармалы жер қалпына келтірілді. 2019 жылдан бастап Ислам даму банкінің қаражаты есебінен Ақсу, Алакөл, Ескекші, Көксу аудандарындағы ирригациялық желілерді қайта құру жобалары жүзеге асырылуда.

Облыста 81,8 мың гектар жаңа суармалы жерлерді айналымға енгізу мақсатында суару желілерін қайта құру және жаңадан салу, апатты су қоймалары мен тоғандарын қалпына келтіру жоспарланған. Биыл «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын инфрақұрылымдық жобалардың тізіміне жалпы сомасы 4664 млн теңгені құрайтын бес жоба, оның ішінде үш гидротехникалық құрылыс жобасы ұсынылды. Атап айтқанда, Көксу, Қаратал бөгеттері мен Панфилов ауданындағы Осеқ су торабы, сондай-ақ 2 мың гектардан астам суармалы жерді қалпына келтіруге мүмкіндік беретін Талдықорған қаласы ирригациялық желілерін жанару жобаларына 3662 миллион теңге бөлінді. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, ПУИД-2 жобасы аясында 12,4 мың гектар алқапты инженерлік-пренаждық жүйені қалпына келтіру көзделуде. Бұл – Балқаш ауданында 7481 гектар жерді алып жатқан Аққала суармалы массиві мен Еңбекшіқазақ ауданында 5 мың гектар алқапты Балтай массиві.

Қазіргі күні Ақсу ауданындағы Қызылағаш су қоймасын қалпына келтіру жұмыстары аяқталды. Оған 5,9 миллиард теңге сом көлемінде қаржы жұмсалды. Суландырылатын жер аумағын 6900 гектарға дейін ұлғайту үшін жалпы суару желілері құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы, сондай-ақ Сарқан ауданындағы Покатионов су қоймасы құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді. Сонымен қатар, Ұйғыр ауданындағы Сұңқар және Тегермен су қоймаларының техникалық-экономикалық негіздемесі жасалуда.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

► БАСТАУ: МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

# Жеке кәсіпкер шағын өндірісті жолға қойды

Орал қаласындағы «Қыстаубаева» жеке кәсіпкерлігі мемлекеттік бағдарламамен несиені алып, ірі қара етінен мұздатылған жартылай дайын өнімдер өндіру жұмысын қолға алды.

ГҮЛБАР ДЫБЫСҚАЛИ

Өткен жылдың қараша айында оралдық Айдана Қыстаубаева «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Бастау» жобасы арқылы білім алып, кәсіпкерлікке бет бұрды. Ол «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ның облыстағы филиалы арқылы 12 миллион теңге жеңілдетілген несиені алды. Қазіргі кәсіпкерлік ірі қара етінен мұздатылған жартылай дайын өнімдерді, соның ішінде тушпара, мөңті, қолтет, тефтель, фрикаделька, чебурек және лапша өнімдерін шығарумен айналысады.

Жас кәсіпкер несиені Ресей, Италия, Қытай мемлекеттерінен дайын өнімді сақтайтын мұздатылған, ет тартатын және қамыр илейтін құрылғыларды сатып алды. Карантин кезінде шет елден құрылғыларды тасымалдау қиындығынан біраз уақыт жоғалтып, құрылғылар екі айға кешігіп келді. «Қазіргі уақытта кәсібімізді бастадық. Өнім толықтай таза, бағасы да соған лайықтан қойылды», – деді Айдана Есенжолқызы.

Оның айтуынша, кәсіпкерлік тұтынушылардың тапсырысы бойынша жұмыс істейді, өнімдерді үйлеріне жеткізіп береді. Тапсырыс берушілер қатарында тек оралдықтар емес, атыраулықтар да бар. «Ауыл шаруашылығын қаржы-



лай қолдау қоры» АҚ Батыс Қазақстан облыстық филиалы қызметінің басты бағыты – өңірде кәсіпкерліктің кеңінен қанат жаюына көмек, қолдау көрсету. «Бытырғы жылыдан бастап «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында қаламыздағы шағын бизнесті несиелендіру жұмысымен айналысып жатырмыз. Басты мақсат – халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке

тарту. 2019 жылы қор тарапынан 500 миллион теңге бөлініп, 37 кәсіпкерге несиені берілді. Ал биылғы жылы 500 миллион теңге қаражат бөлінді», – деді БКО филиалының директоры Ербұлан Түшкенов. Бағдарлама арқылы әр азамат өз кәсібін ашып немесе бизнестің кеңейте алады. Егер кәсіпін жаңадан ашпаны деген жаңалар болса, басты шарт – бизнесті негіздеме бойынша арнайы құрған өту. Ал, жеке кәсіпін бастағанына үш жыл толған кәсіпкерлерге оқу маңызды емес.

Биылғы жылы бөлінген 500 миллион теңгеге кем дегенде 31 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда палатаға әзірге екі өтініш келіп тұскен. Шарт бойынша биыл шағын несиені сомасы 16 миллион теңгені құрайды. Несиедеудің мерзімі 5 жылға дейін, үстеме – жылдық 6 пайыздан аспайды. Айта кетейік, аталымыз несиені қолбалай және аз қамтылған отбасыларға 6,5 жылға 4 пайыздық мөлшерлемемен беріледі.

Орал қаласы

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Жетпісбай БЕКБОЛАТУЛЫ, ал-Фараби атындағы ҚазУ профессоры

Дамудың бір бағыты – жергілікті өзін-өзі басқару

Билың жыл елге де, ерге де сын ерекше жыл болды. Оның ерекшелігінің бір көрінісі осынау сындары сынаған төтеп беру жолдары ізделтірілген, елді тығырқатан шығарудың, қиындықтарды еңсерудің амал-тәсілдері орыс еліне өткізілген ұрымтал тус, шешуші сөз болып отырғандығынан байқалауда десек, асыра айтпаспыз. Жұбан ақын айтқандай, халқымыз «мың өліп, мың тірілді». Басқаны былай қойғанда, күні кешегі жиырма-сыңшы ғасыр тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзаттың алдына талай зұмат пен нәубетті тартып, бақ пен сордың тайталасқа түскенін қайда қоямыз? Ордады жұрттың жана емес, тіпті тұтас бір құрлықтың тағдыры таразыға тартылғанда да халқымыз сырыққа құрық жалпап, тірілік кешіп, болашақтан күдерін үзбеген-ді.

Қаншалық тіл бегезімізбен, қазіргі таңда кездесіп отырған ауыртыпалық ат ауыздықпен су ішкен сол бір сол азапты кезеңдегі бейнет-мехнаттың жаныңды жіп есуе жарамайтын болар. Бұл ретте тарыхшы-тауқыметті бегезіңе салғаны отырған жоқпыз. Әңгіме-келесіке көз тігіп, жанаша пайым-шішімнің жоба-жоспарын жасауда. Енді алдағы қам-қарекетке қатысты тірілікті тыныс-на тоқталайық. Осы ретте бікіл мінбеле мәлімделген мемлекетті басқару реформасы алдымен тілге оралады. Мемлекетті басқару – өте кең ұғым, оған саяси жүіе тармақтары да, экономика салалары да, әлеуметтік және рухани өмір өзектері де кіреді. Жанадан құрылып жатқан Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік иелетін терінің бір пұшағы да осылар. Бұл пұшақтан бір бүйіріне жергілікті өзін-өзі басқару реформасы да орын теуіп отыр. Қолымызға тиген соңғы деректерге сөйкес біліктілігі осы түрін дамытудың жана тұжырымдамасы әзірленіп жатыр. Тұжырымдама шеңберінде ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын енгізу, жергілікті мемлекеттік басқарудың мүліктік құқықтарын және мәсінаттардың өкілеттіктерін кеңейту жөнінде ұсыныстар әзірленбек. Жалпы алғанда, округ бюджетін қалыптастыруға ауыл тұрғындарының белсенді қатысуы көзделуде. Бұл жұмыстың барлығы өңірлердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге, ауылдарды жанғыртуға, сондай-ақ жергілікті өзекті мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға халықтың араласуын арттыруға мүмкіндік беретін болады. Ең бастысы, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқаратын шағын, өсіресе, микробизнесің дамуы серпін алады. Атап айтқанда ауыл тұрғындарына тұрақты жұмыс табылып, жұмыссыздық азаяды. Сонымен қатар салық базасы құрылып, жергілікті бюджет нығаяды. Бұл ретте өңірлерді дамыту мен әрбір нақты өңірдің бәсекелестік артықшылықтарын кеңейтудегі ауылдық жерлер әкімдерінің міндеттері айқындалып, ол үшін ең алдымен жергілікті биліктің дербестігі ұлғайтылмқ. Сондай-ақ әрбір өңір үшін осу нүктелері, өндіріс мүмкіндіктері және жұмыс орындарын құру тепкістері құрылады. Мұның бөрі «Елдің аумақтық кеңістіктік дамуының болжамды схемалары» деп аталатын пысықталып жатқан құжатта көрініс таппақ. Онымен қатар «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша елді мекендерді жанғырту жалғаспай. Осылайша биыл 216 ауыл жанартылады, сөйтіп, ауыл мектептерін, спорт кешендерін, амбулаторияларды, жолдарды салу және жөндеу, жарықтандыру, инженерлік желілерді салу жалғаспай. Сондай-ақ ауылдық округтер табысының 4 түрі округ бюджеттеріне беріледі, тиісінше, ауыл тұрғындары жергілікті қоғамдастықтың жиналысы арқылы көптеген мәселелерді шеше алады. 2353 ауыл мен ауылдық округ үшін қаржылық мүмкіндіктер артады.

Елді демократияландыру үдерісіне тың серпін беретін бастама бұдан жанарма жылдан астам уақыт бұрын қоғам тірілігіне енгеніңін және бұл үдеріс 1999 жылғы 27 мамырда Алматы облысында, Қарсақ ауданының Шамалған округінде орын алғандығын орай келгенде атап өткеніміз жөн. Пилоттық жобаны жүзеге асыру үшін осы жолдар апаратынын ұсынысымен Алматы облысы әкімінің аппаратында Социологиялық зерттеулер, талдау және болжау бөлімі құрылды, оның қызметкерлері жергілікті өзін-өзі басқару саласы бойынша адем елдерінде жинақталған тәжірибені оры елігінен өткізіп, ауыл әкімдерін сайлау мәселесі бойынша жер-жерінде әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізігені, аңғаралық сұрау салғанын айтуымыз керек. Зерттеу нәтижесінде алынған эмпирикалық материалдар мен талдама ұсыныстар жоғары билік органдарына, соның ішінде Президент өкімішілігіне де жолданып отырды. Жинақталған деректерді қорытып, тұжырымдауға Халықаралық муниципалдық және жергілікті өзін-өзі басқару институтының Алматыдағы бөлімшесінің мамандары көп көмек көрсетіп, ақыл-кеңестерін берген еді. Сараптама материалдар ғылыми конференцияларда көзқаракты көпшілік назарына тартылып, республикалық және облыстық басшыларда жарияланып отырған-тың. Қазақстандық пилоттық жобана Польша Республикасының төменгі өзін-өзі басқару органы – гминалар тәжірибені туғынға ретінде алынды. Осы орайда Социологиялық зерттеулер, талдау және болжау бөлімі президент Қ.Тоқаев атап өтетін «жергілікті билік жұмысының тиімділігін бағалау өлшемдері мен өлшемесін» талдап жасағаны, сондай-ақ Халықаралық институт ұсынысы бойынша ауыл әкімдіктерінің қызметін назарда ұстап, жүйелі социологиялық зерттеу жүргізгені қазіргі уақыт талабына жауап берерлік құнды әлеуметтік мұра болып табылады. Бүгінде мұның бөрі тарих еншісіне айналды. Сөйтсе де, Жетісуда өмірге келген осынау үрдістің жергілікті өзін-өзі басқару ісін жетілдіруге, мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы құзыреттерді бөлу бойынша онтайлы басқарушылық шешімдер қабылдауға негіз бола алатыны сөзсіз. «Өткен күнде белгі бар» деген, осыған орай тілге тиік етіліп отырған ұтымды тәжірибе ұмыт қалмауы қажет.

ӨНЕРКӘСІП Балық пен уылдырық өндірісі

2020 жылдың қаңтар-шілде айлары аралығында дайындалған немесе басқа әдіспен консервіленген балық, уылдырық және оны алмастырушылардың өндірісі 15,6 мың тоннаға жеткен – бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 3,1 есе көп. Осы туралы energyprom.kz сайты хабарлайды.

ИСА КАМБАР Балық өнімдері өндірісінің үшін екі бөлігіне жуығы (64,2%) Атырау облысында жүзеге асырылған: 10 мың тонна, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда бірден 40,6 есе көп. Үздік көшбасшы аймақтар «ұштіртү» қатарына сондай-ақ Батыс Қазақстан облысы (2 мың тонна, 11,7 пайыз) мен Түркістан облысы (1,8 мың тонна, 5,7 пайыз) енген.

Балық, шаян тәрізділер және ұлуларды қайта өңдеу және консервілеу ақшаға шаққанда 13,6 млрд теңгені құраған.

Еске салар болсақ, Мемлекет басшысы балық саласының мұқият бақылауды талап етіп отырғанын атап айтқан болатын. 1 қарашаға дейін әкімдіктермен бірлесіп балық шаруашылығын дамыту бағдарламалары әзірленіп, іске асырылуы тиіс аймақтық индикаторлар белгіленеді (1-инфографика).

Бірінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша, қазақстандық компаниялар қайта өңделген және консервіленген балық, шаян-тәрізділер мен ұлуларға деген сұранысты 62,6 пайызға қамтамасыз етті (былтырғы көрсеткіш – 40 пайыз). Осы кезеңде өндіріс өткен жылмен салыстырғанда үш еседей, 42 мың тоннаға дейін өскен. Мұндағы импорт үлесі 37,4 пайыз. Қазақстанға осы сектордың 25,1 мың тоннасы импортталған, бұл – бір жыл бұрынғыдан 9%-ға артық. Ал экспорт үлесіне ресурстардың 16,8%-ы бұйырыпты: 11,3 мың тонна балық, яғни бір жыл бұрынғыдан – 19,7%-ға кем елден тысқары салтылған (1-таблица).

Тамыз айында балық пен теңіз өнімдері былтырғы тамызбен салыстырғанда 12,4%-ға қымбаттаған. Айтарлықтай қымбаттар Қызылорда (18%-ға), Павлодар (16,3%-ға) және Қарағанды (15,9%-ға) облыстарында байқалады. Мұздатылған балық 14,1%, балғын немесе салқындалатын балық 13%, тұздалған және ысталған балық 9,9%-ға қымбаттаған. Балық консервілерінің ішінде деликатестер 11,1%, деликатес емес балық өнімдері 10,5% қымбаттады (2-таблица).

Table 2: Дайындалған немесе басқа әдіспен консервіленген балық, уылдырық пен оны алмастырушылардың өндірісі, 2020 ж. қаңтар-шілде / тонна. Columns: Resource, Quantity, Value, % of total, % of previous period. Rows: Fish, Shellfish, Total, Import, Export, Value added, % of total, % of previous period.

СЫРТҚЫ ФАКТОР



4-11 қыркүйек аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу\*

Сауда-саттық қорытындысы бойынша 11 қыркүйекте теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 1,3%-ға (420,76-ден) өсіріп, бір АҚШ доллары үшін 426,29 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2020 жылғы 4-11 қыркүйек аралығында кезеңде бірқатар маңызды оқиғалар орын алды. АҚШ президенті шетелде жұмыс орындарын құратын компанияларға баж салығын енгіземін деп қорқытты, КХР-мен экономикалық байланыстарды шектеуге ниетті екенін мәлімдеді. AstraZeneca қатысушылардың біріне жағымсыз салдарынан кейін коронавирустық вакцинаны сынауды тоқтатты. Ұлыбритания премьер-министрі 2020 жылғы ЕО-ға қаңтарда қол жеткізілген ЕО-мен жасалған шарттың талаптарын біржақты өзгертуді көздейтін ішкі нарықтар туралы заң қабылдауды жоспарлап отыр. Еуропалық орталық банк отырыс қорытындысына сәйкес кредиттер бойынша негізгі пайыздық мөлшерлемелі нөлдік деңгейде, депозиттер бойынша мөлшерлемелі минус 0,5% деңгейінде сақталу қалды.


Дамушы елдер валюталарының\*\* АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:

Мексика пессосы үкімет шығыстарды ұлғайтпай ұсынаған 2021 жылға арналған бюджет және Moody's рейтингтік агенттігінің инвестициялық рейтингінің жоғалтқан елдермен салыстырғанда елдің әлдеқайда күшті макроэкономикалық жағдайы туралы түсініктемелері аясында 1,3%-ға (21,55-тен 21,28-ге дейін) нығайды;



Ресей рублі ФКО сөтті ақшын оңдары – Қаржы министрлігі 158,5 миллиард рубль тартты, онда сұраныс ұсынған 2 есе асып түсті, сондай-

1-инфографика



Ақпарат көзі: ҚР ҰЗМ ҚК

1-таблица

Table 1: Дайындалған немесе басқа әдіспен консервіленген балық, уылдырық пен оны алмастырушылардың өндірісі, 2020 ж. қаңтар-шілде / тонна. Columns: Category, 2020, 2019. Rows: Fish and fish products, Frozen fish, Salted and pickled fish, Delicate fish products, Non-delicate fish products.

Ақпарат көзі: ҚР ҰЗМ ҚК

ак мөлшерлемелі төмендету цикліне ықтимал тоқтама тұру туралы РФ ОБ белгілері аясында 0,7%-ға (75,43-тен 74,91-ге дейін) нығайды; • Бразилия реалы АҚШ пен КХР арасындағы шиеленістің және вакцина туралы алаңдаушылықтан артуына байланысты инвесторлардың жаһандық тәуекел дәрежесінің төмендеуі аясында 0,4%-ға (5,3-тен 5,32-ге дейін) өсірді. Ел президенті үкіметпен ұлттық валютаның өсірілуін тоқтату жөніндегі шараларды үнемі талқылап жатқанын мәлімдеді; • Үнді руписы КХР мен Үндістан арасындағы шекаралық дау-дамайға байланысты шиеленістің сақталуы аясында 0,5%-ға (73,14-тен 73,54-ке дейін) өсірді; • Түрік лирасы Д.Трампптың Қытайға берген түсіндірмелеріне байланысты сентименттің нашарлауы аясында 0,5%-ға (7,44-тен 7,48-ге дейін) өсірді; • Оңтүстік Африка ранды 0,8%-ға (16,6-дан 16,74-ке дейін) өсірді. Елдің ІЖӨ 51%-ға т/төмендеді – 1990 жылдан бергі ең жоғары төмендеу; • Индонезия руписы ел астанасында жана карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты инвесторлардың экономикалық оңтүстік аясында бәсекелестікке қарамастан 0,9%-ға (14 750-ден 14 890-ға дейін) өсірді. \* шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ашық дереккөздерінде негізінде ата сайын дайындайды; \*\* АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылған дамушы елдердің валюталары.



# БИЗНЕС & АГРОӨНЕРКӘСІП

## ӨНДІРІСТІК КООПЕРАТИВ

# Карантинге қарамастан, жеміс-жидек жинау қарқыны артты

Алматы облысының «Шелек фермерлері» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі пандемия кезінде көкөніс өндіруге байланысты өзекті мәселелерді талқылау үшін онлайн-конференция өткізді.

НҮРЛАН ҚУМАР

Басқосу барысында «Еңбекші-казак ауданының жергілікті қоғамдастықтар қорының» (ЖКҚ) және «Филип Моррис Қазақстан» компаниясының қолдауымен құрылып, бүгінде даму үстіндегі «Шелек фермерлері» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің (АӨК) өкілдері пандемияның қиын кезеңінде өздерінің жұмыс тәжірибесі, туындайтын проблемалар мен оларды шешу жолдары туралы айтып берді. Кооперативтің рестораторлар мен ритейлерлерден бастап қызанақтың ірі тапсырыс берушісіне дейінгі негізгі серіктестері карантин кезінде өз қызметін тоқтатты, бұл өнімді өткізуді әдейі қиындатты. Дегенмен, пандемия уақытындағы барлық қиындықтарға қарамастан, бұл кооперативтің бірегей моделі тиімді және өміршең екенін көрсетті, өйткені кооперация күш-жігерді үйлестіруге және дағдарыстан аз шығынмен шығуға мүмкіндік береді.

2014 жылдан бастап Еңбекші-казак ауданы жергілікті қоғамдастықтар қоры Шелек ауылындағы Агро-бизнес орталығы базасында «Шелек фермерлері» кооперативімен бірлесіп «алқаптан сөреге дейінгі» өндірістік-өткізу тізбегін құру бойынша жұмыс жүргізуде. Ірі сауда желілері мен басқа да серіктестерге қатысты бірыңғай бәсекесіне қабілетті заңды тұлға ретінде әрекет ететін өміршен кооператив – бытыранқы жеке фермерлерді біріктіретін бірегей жүйесі құрылды. Қазір фермерлер бірге жұмыс істеу перспективалы және тиімді екенін нақты түсінді. Ал кооперативтің көрсеткіштері мұны айқын растайды: егер 2017 жылы кооператив заңды тұлға ретінде ресми тіркелген



кезе 12 млн теңгеден астам сомаға 124 тонна өнім сатылса, 2019 жылы «Шелек фермерлері» АӨК 33 млн теңгеден астам сомаға 233 тонна өнім сатты. Тиісінше, фермерлердің табысы да өсті – бір фермердің сату бойынша ең жоғары көрсеткіші 2017 жылы 1 071 920 теңге болса, ал сол фермердің табысы 2019 жылы 5 377 776 теңгені құрады.

Кооперативтегі бірлескен жұмыс фермерге тиімді және оған тек өнім өсірумен айналысуға және белгіленген өткізу нарықтары бар екенін білуге мүмкіндік береді. Сату тізбегін ұйымдастыру ұсақ фермерлерге қажетті көлемді бірлесіп орындауға, сапа стандарттарына сәйкес келуге, өнімді бірлесіп сертифицирлеуге, логистика, трансфер, жалдамалы персонал және бухгалтерлік қызмет шығындарын азайтуға жол ашды. «Бізді жетістіктеріміз шабыттандырды және былыла біз ерекше үміт артқанбыз. Өткен жылдардағы тәжірибе мен практикалық қызметте сүйеніс отырмыз, 2020 жылы біз кооператив жұмысын одан әрі жетілдіріміз. Тағы 12 жылдай салынып, қызанақтың бір сұрпы отырғызылды, бірыңғай өсіру технологиясын ұстандық, қабылдау, сұрыптау және қалдырып, тонаытқыш камерасында қажетті температураға дейін

салқындату және рефрижераторда тасымалдау тетіктерін пайсықталық, сату көлемінің ұлғаюына үлкен үміт арттық. Табыс 80 миллионнан астам соманы құрайды және кооператив өзін-өзі ақтайды деп күттік, бірақ коронавирустық пандемия, өкінішке қарай, өз түзетулерін енгізді», – деді «Еңбекші-казак ауданы жергілікті қоғамдастықтар қорының» атқарушы директоры Бақытұл Елшібаева.

Карантиндік шектеулер мен кооперативтің бірқатар серіктестерінің қиын жағдайына жабылуы нәтижесінде сатылған өнім көлемі 33%-ға, ал сату сомасы 41%-ға азайды. Егер өткен жылы осы кезеңде кооператив фермерлері 17 миллион теңгеден өнім сатса, бұл ретте – тек 10 миллион теңгеге ғана. «Шелек фермерлері» АӨК төрағасы Марат Мансуров осы жылы орын алған жағдайдың себептері мен проблемаларға тоқталды. «Карантинге байланысты проблемалар туындады, дегенмен біз қолдан келгенін бәрін жасалдық – жылжылай салдық, мейрамханалар, фаст-фудтар, көтерме рыноктар үшін көкөніс дәмділеріне қажетті сұрыптарын асырдық. Яғни олар сапалы өнім беруге лайық болды, бірақ біздің серіктестеріміз өз қызметін тоқтатты және өнімді қабылдай

алмады. Осыған байланысты біздің қызанақтың бағасы бірнеше есе төмендеді. Карантин аяқталғаннан кейін сұраныс жанданды, бірақ фермерлер егінің бір бөлігін базарларда арзан бабамен сатты, өйткені олар көкөністердің сақталуына алаңдалы. Қазір карантиндік шектеулер алынып тасталғаннан соң, біздің ірі серіктестеріміздің бірі «Син-Каз» қайта жұмыс істегеннен кейін жағдай жақсарып келеді. Қалай болғанда да, бізде елдің отүстігіндегі кейбір шаруашылықтар сияқты өнімнің жиі егістікке қалуы болмайды. Осы маусымға дейін бізге қосылған кооперативтің жаңа мүшелері жалпы дән риза. Бірақ біз алдыңғы жылдары бірлесіп атқарылған жұмыспен салыстырсақ, құлдырау жүріп жатқанын көріп отырмыз. Дегенмен, бұл – объективті құлдырау, елдегі жағдайға байланысты, бірақ біздің модельіміз емес», – деді Марат Мансуров.

Пандемия кезіндегі жұмыс қиындықтарына қарамастан, кооперативте ауылдық кооперация – бұл жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту және оларды кооперациялау есебінен ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында АӨК үшін мүмкіндіктердің бірі екенін сенімді. «Атамекен» ҰҚП мамандарының бағалауына, «Шелек фермерлері» кооперативі еліміздегі жеке фермерлерді тиімді біріктірудің және «алқаптан сөреге дейінгі» ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің нақты тізбегін құрудың бірден-бір үлгісі болып табылады.

Пандемия әлемде қанша уақытқа созылатынын және одан кейінгі дағдарыстың салдарымен қанша уақыт күресетінімізді ешкім білмейді, алайда мұндай жағдайда да ауыл шаруашылық кооперациясы өзінің тиімділігін көрсетті. Қазіргі таңда мемлекеттің қолдауымен АӨК Қазақстанға азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін шешуде, елдің ауыл тұрғындарын жұмыспен және қаражатпен қамтамасыз етуде септігін тигізетіні анық.

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

#### ЖЕҢІЛДІКПЕН КРЕДИТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ ҰЗАРТЫЛАДЫ

Шағын және орта бизнесті жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы 2021 жылдың соңына дейін ұзартылады. Бұл туралы Мемлекет басшысының билығы 1 қыркүйектегі Жолдауына іске асыру шаралары қаралған хаттамада Ұлттық банк төрағасының орынбасары Есжан Біртанов айтты.

Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы бағдарламасы аясында бұл бағдарлама бастап жалпы сомасы 600 млрд теңгеге қаржыландыру лимитімен қарын және орта бизнесті қолдау үшін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы іске асырылды. Бағдарлама төтенше жағдайлы енгізу нәтижесінде зарлап шеккен шағын және орта бизнес субъектілерін қолдауға бағытталған. Қаржылық жағдайдың нашарлауына тауарларды/қызметтерін сатуға төмендеуі, сатып алушылар/тарифанын төменіні келісірілуі, қызметкерлерінің штат санының қысқаруы негіз болуы мүмкін. Қарыз алушы қаржылық жағдайының нашарлауын растау үшін банкке қажетті құжаттарды ұсынуы тиіс.

Қарыз кәсіпорындарға жылдық 8%-ға дейін сыйақы мөлшерлемесі бойынша айналым қаражатын толықтыруға беріледі. Бағдарлама іске қосылғаннан бергі уақытта 336 млрд теңге сомасына 2207 өтінім қабылданып, 1279 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 341,4 млрд теңге сомасына қаржыландырылған. «Жолдауда айтылған тапсырмаға орай аталған бағдарлама 2021 жылдың соңына дейін ұзартылды, оны қаржыландыру көлемі 800 млрд теңгеге дейін ұлғайтылады. Осы ретте «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп айқындалған секторларға қолдау көрсетілетін болады», – деді Есжан Біртанов.

### ЕГІН ОРАҒЫ – 2020

#### 70 ПАЙЫЗДАН АСТАМ АСТЫҚ ЖИНАЛДЫ

Жетісуда дәлді дақылдар егістігінің 70 пайыздан астамы жиналды.

Өткен жұмада Алматы облысында дәлді дақылдар өсірілімі 331,3 мың гектары немесе 70% жиналды. Бұл – 625,5 мың тонна өнім, гектар шығымдылығы 18,9 центнерден айналып, деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.



Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша, 11,0 мың гектар майлы дақылдар егістігінің 7,1%, яғни 10,5 мың тонна өнім жиналды. Орташа өнімділік гектарына 9,6 центнерден айналып, 51,3 мың га жерге егілген картоп, көкөніс және бақша дақылдары алқабының 66,6% пайызы жиналып, 1 264,7 мың тонна өнім алынды. Гектар берекесі 246,4 центнерден болды.

Жаңа егінің астығын қабылдау үшін жалпы сыйымдылығы 771 мың тонна болатын 265 астық қоймасы, оның ішінде 58,6 мың тонна өнім сиятын 2 астық қабылдау кәсіпорны бар.

Мал азықтық дақылдардан 2816,7 мың тонна жемшөп (100%), 443,8 мың тонна пішен (82,9%), 488,5 мың тонна сабан (72,8%), 349,1 мың тонна жемшөп дайындайтын астық және 93,6 мың тонна (51,8%) сүлпем жиналды. Күзгі ауыл шаруашылығы жұмыстарына 15 мыңға жуық арнайы техника жұмылдырылған. Энергетика министрлігі егін орағын арзан отынмен қамтамасыз ету үшін 19,2 мың тонна дизель отынын бөлі. Жанар-жағармай материалдарын жеткізу бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылды. Сонымен қатар, шаруа қожалықтары нарықта 5 мың тонна дизель отынын дербес сатып алды. Өңірде егін жинау науқаны жүйелі жалғасуда.

### МӘМС: ЖАРНА

#### АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ КӨШ БАСТАП ТҮР

Мелишншалық сақтандыру жүйесі іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен билығы 26 тамызға дейін қорға 398,8 млрд теңгеге жуық қаржы жинақталды.

Бұл туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы қалалық филиалы хабарлады. «Жанаралар мен аударымдардың көлемі жағынан Алматы қаласы көш бастап тұр – жинақталған соманың бестен бір бөлігі бұрынғыша, онүстік астананың енішінде. Жалпы, сақтандыру жүйесі іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен 2020 жылдың 26-тамызына дейінгі аралықта Алматы қаласынан қорға 77,4 млрд теңгеден астам жарна аударылды. Оған 65,6 млрд теңгесі – жұмыс берушілердің қарамағындағы жұмыскерлер үшін жасаған аударымдары болса, қалған 11,8 млрд теңге – жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт бойынша еңбек ететіндерге тиесілі», – деп филиал директоры Тілеухан Әбділаев.

Сонымен қатар, бірінші жиынтық төлеушілер саны да артып келеді. Алматы қаласы бойынша билығы жылдың басынан бері өзін-өзі жұмыспен қамтыған 192 мыңнан астам адам 294,7 млн теңге көлемінде БЖТ төлеген.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

## ТААҚЫ

# Балық шаруашылығына субсидия берілуі мүмкін

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Мағұм Мырзағалиев Атырауда ірі балық өндірісі кәсіпорындарының өкілдерімен кездесті. «Орад-Атырау бекіре балық өсіру зауыты» РМҚК-де өткен кездесуге Атырау облыстық әкімдігінің өкілдері, «ВД – Балық шаруашылығы қауымдастығы» ЗТБ және саладағы бірқатар кәсіпорының басшылары қатысып, балық шаруашылығындағы өзекті мәселелерді талқылады.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Кездесу барысында экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі М.Мырзағалиев балық шаруашылығында өндіріс алатын орын ерекше екенін, қазір мемлекет тарапынан бұл салаға көп көңіл бөлініп отырғанын атап өтті. «Қазақстанда ауыландырып балықтан отызға жуық пайызы (29,2 пайыз, 13,0 мың тонна) осы облыста тиесілі. Каспийге құятын екі ірі балық шаруашылығы су айдыны – Жайық пен Қиғаш өзендерінде 20 табиғат пайдаланушы өз кәсіптерін іске асырып жатыр... Балық өсірумен қатар балық аулаудан атыраулық балықшыларға маңызды екенін біз есептеп шығармаймыз. Әсіресе, Каспийде теңіз балықтары игерілімі жатқаны ескерсек, өндіріс балық аулау көлемін одан да арттыруға болады. Осы шаруашылықтан, дамуына серіп беретін ұсыныстар болып жатса, біз бірлесіп қарауға әзірміз», – деді ол.

Жылына кәсіпкерлер салықтық жеңілдіктер мен субсидиялау бойынша ұсыныстар білдірді. Министр бұл бағдарламаларды қолдайтынның жеткізді. «Бұл мәселелер Қаржы, Ұлттық экономика министрліктері сияқты басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп қарауды және келісуді талап етеді. Сондықтан тиісті өзгерістер енгізу үшін сідердің тараптарыңыздан нақты есептер (расчеты) мен негіздемелер ұсынылуы қажет. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне аталған мәселелерді сідермен бірлесіп қарауды тапсырамын. Көтерілген мәселелер оң шешімін тапқан жағдайда балық шаруашылығының әлеуеті көтеріліп, кәсіпкерлердің жұмысы одан әрі жанданатыны сөзсіз», – деді М.Мырзағалиев.

Министр барлық жергілікті балық шаруашылығы өкілдерін 24 қыркүйекте премьер-министр Асқар Маминнің қатысуымен Шардара қаласында өтетін балық шаруашылығы бойынша республикалық семинарға қатысуға шақырды. Онда кәсіпкерлерге балық аулау мен балық өсіруді қатар жүргізу тәжірибесі таныстырылды.

Еске салсақ, балық саласындағы өндіріс ерекшелігін ескере отырып, осы жылдың 27 ақпанында Атырау қаласында Балық шаруашылығын дамыту мәселелері туралы үкіметтің жиыны өтті. Оған премьер-министр Асқар Мамин төрағалық етті. Сол кезде Үкімет басшысы берген тапсырмалары біразы шешімін тауып жатыр. Айналық, атыраулық балықшылардың өтініші бойынша



Каспий теңізі мен Жайық өзенінде балық аулау мерзімдері ұзартылды.

Сонымен бірге, 18 тамыздағы үкімет отырысында балық шаруашылығының даму перспективалары қаралды. Нәтижесінде 1 қарашаға дейін облыс әкіміліктеріне балық шаруашылығын дамытудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеу тапсырылды. Бұл аймақтарда, оның ішінде Атырау облысында балық шаруашылығын қарқынды дамытуға өз септігін тигізбек.

Қазіргі таңда Атырау облысында қосптік балық аулау жүзеге асырылатын 3 су қоймасы орналасқан. Атап өтсек, Ора, Қиғаш өзендері мен Каспий теңізінің Қазақстандағы бөлігі. Билығы жылдың 8 айында Атырау облыстық инспекциясы

қызметкерлері 752 тұлғаға қатысты 1301 табиғатты қорғау заңын бұзу фактісін тіркеген. Оларға жалпы құны 14,9 млн теңге айыппұл салынып, 11,5 млн теңгесі өндірілді. Құқық бұзушылардан 11,1 тонна частик тұқымдас балық, 9 келі бекіре, 1484 балық аулау құралы тәркіленді.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, ІІМ және Ұлттық қауіпсіздік комитеті бірлесіп өткізген 2020 жылдың 1 сәуірі мен 31 мамыр аралығындағы «Бекіре – 2020» балық қорғау акциясы аясында 1129 табиғатты қорғау заңын бұзу фактісі тіркелді. Оның 883-і Атырау облысына тиесілі. Балық қорғау саласы, полиция және шекара қызметшілері занды айналымнан 13,9 тонна балық тәркіледі.

# БИЗНЕС&ӨНЕРКӘСІП

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ► ЕЛОРДА

#### ЖАСЫЛ БЕЛДЕУ ҚАЛЫН ОРМАНҒА АЙНАЛАДЫ

Елорда айналасындағы жасыл белдеу 2025 жылға қарай 100 мың гектарға жеткізіледі.

Мемлекет басшысы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында биоәртүрлік пен экология мәселелеріне ерекше назар аударғаны белгілі. Осы орайда Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында премьер-министрдің орынбасары Роман Склир: «2025 жылға дейін орман алқаптарында 2 миллиард, елді мекендерде 15 миллион тұр ағаш отырғызылады. Қазіргі таңда Елбасының бастамасымен қолға алынған біздің елорданы қоршап жатқан жасыл белдеудің ауқымы 88 мың гектарды құрайды. 2025 жылға дейін осынау орман алқабының көлемі 100 мың гектарға жеткізіледі», — деп атап өтті.

Сондай-ақ ол балық шаруашылығы мен экологиялық туризмге ерекше назар аударылатынын айтты. Осыған байланысты Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі жан-жануарларды қорғау, биологиялық әртүрлілікті тиімді пайдалану бойынша тұжырымдамалық құжатты әзірлеу жұмысын бастап кеткен. «Сонымен қатар қоршаған ортаға зиян келтірген азаматтардың өкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі күшейтіледі», — деп Роман Склир.

### ► ҚАЗМҮНАЙГАЗ: ТУРАҚТЫ ДАМУ

#### ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Қазмұнайгаз Каспий өңірінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастамасына қосылды.

Осы ретте Баку қаласында «КазМұнайГаз» ҰК АҚ (КМГ), Әзербайжан мемлекеттік мұнай компаниясы, BP Exploration (Caspian Sea) Limited, Equinor AS және TOTAL E&P Azerbaijan B.V. компаниялары арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандум Каспий өңірінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастамаға (Caspian Environmental Protection Initiative — CEPI) жол ашады. Негізгі мақсат — қоршаған ортаны қорғауға және халықаралық мұнай компаниялары шоғырланған өңірде қолданылатын бірлескен зерттеулерге арналған алғашқы платформаны құру. Бастамаға қосылуға ниет білдірген компаниялар Каспий өңірінің экологиялық тұрақтылығына қауіп төндіретін климаттың өзгеруі мәселелерін шешуде күш біріктіреді, сондай-ақ қоршаған ортаға паник газдары мен зиянды заттардың шығарылуының алдын алу үшін бірлесіп әрекет ететін болады. CEPI аясындағы ынтымақтастық қоршаған ортаны қорғау саласындағы озық тәсілдер мен технологияларды зерттеу мен қолдау, климаттың өзгеруіне қарсы күресте ортақ алдын алу шараларын әзірлеп, іске асыру, ақпараттық-танымдық және насихат жұмыстарын ұйымдастыру, қоршаған ортаны қорғау ісіне атсалысуға өңірдегі мүдделі тараптар мен реттеуші органдарды тарту және т.б. көзделді. «КазМұнайГаз» климат, қоршаған ортаны қорғау, жер бетіндегі тіршілікті сақтап қалу сияқты экологиялық бағыттарға жіті назар аударады. 2028 жылға дейінгі даму стратегиямызда тұрақты даму негізгі міндеттерінің бірі ретінде анықталған болатын. Бұл бастама өзара ықпалдастықты орнату мен тәжірибе алмасу алаңына айналып, Каспий өңіріндегі табиғаты қорғау мәселесінде бірлескен іс-қимылдың маңызды қаламы болатынына сенімдімін», — деп КМГ басқарма төрағасы Алик Айдарбаев.

Бастамаға қатысу жоғарыда аталған жұмысты жүргізу үшін нақты жауапкершілікті, белгілі бір міндеттерді немесе уақыт шектеулерін жүктемеді. Бұл ретте CEPI құрамына басқа да компаниялар қосыла алады.

### ► ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

#### ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛІП, ЖАНАРТЫЛУДА

«Нұрлы жол» бағдарламасының 2020-2025 жылдарға арналған жалпы бюджеті 5,5 трлн теңгені құрады.

Үкімет үйіндегі баспасөз мәслихатында индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов оның ішінде автокөлік жолына бөлінетін бюджет 3,5 трлн теңге шамасында болатынын айтты. «Автожол салысының бюджетінен республикалық жолдарды қайта құру мен құрылысқа 2,1 трлн теңге бөлінді. 2020 жылғыта дейін 13 мың шақырым жолда қайта құру жұмыстары жүргізілді. 2025 жылға дейін қосымша 11 мың шақырым жоспарланып отыр, яғни жалпы 24 мың шақырым жолдың жағдайы жақсартылатын болады. Биыл 4 мың шақырым жолда құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр», — деп министр.

Жол бойындағы сервис нысандарына республикалық бюджеттен қаржы бөлу қарастырылмаған. «Жол бойындағы сервис нысандары инфрақұрылымның құру үшін 651 алаң бөлінді. Бұл бағытта бизнеспен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесу жұмысы істемуді. 2025 жылға дейін тиісті нысандар салынады деп жоспарлан отырмыз», — деп Б.Атамқұлов.

Рытай САҒЫНБЕКОВА

### ► ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА

# Қазақстан үшін Әзербайжан — маңызды экспорттық бағыт

ТМД ауқымында Әзербайжан — Қазақстанмен ең тығыз экономикалық қарым-қатынас орнықтырған елдердің бірі. Осы тұрғыдан алып қарағанда, ол қазір біз үшін Ресейден кейінгі екінші орында болар. Бұл жерде айта алатынымыз — екі ел арасындағы сауда-саттық айналымы көрсеткіштерінен туындайтын тұжырым емес, олардың экономикалары арасында қалыптасқан өзара тәуелділік.

#### МАРАЛ САЛЫҚЖАНОВ

Қазақстанның сыртқы саудасы қазір, негізінен, екі мемлекет арқылы жүзеге асып жатыр. Бұның біріншісі — Ресей де, екіншісі — сол Әзербайжан. Әрине, бүгінгі таңда Қазақстан сыртқы экономикалық байланыстарының ресейлік бағытқа тәуелділігін әзербайжандық бағытқа тәуелділігімен салыстыруға болмайды. Бұл жағынан алғанда, біз үшін, Ресейдің маңызды өлде де өте зор. Әзербайжан болса, әзірше соншалықты маңызды емес.

Бірақ Қазақстанның осы соңғы бағыттағы сауда-саттық айналымы тез ұлғайып келеді. Қазір бұны пайдаланылып жатқан Ақтау айлағының мүмкіндігіне кейінде салынып эксплуатацияға берілген Құрық айлағының мүмкіндігі қосылған соң, оның көрсеткіштері күрт өсіп шыға келді. Бірақ бұндай жағдай бірден қалыптасқан жоқ.

Ақтау айлағының тарихы Мангыстаудағы уран өнеркәсібі мен мұнай көп орындарының өнімін тасымалдау қажеттілігі туындаған 1963 жылдан басталады. Оған қатысты құрылыс жұмыстары басты және қосымша толқын тосқылары және төрт құрғақ



ТрансКаспийлік талшықты-оптикалық байланыс желісі

жүк айлағын салудан басталады. 1969-1986 жылдары төрт мұнай қуау құрылысы мен паром кешені салынды. 1999 жылы Ақтау теңіз айлағы толық қайта құрастырудан өтті. Қазір ол — шығыстан батысқа, солтүстіктен оңтүстікке және кері қарай жылына 12 ай және тәулігіне 24 сағат жүк тасымалын қамтамасыз ететін заманауи көп мақсатты терминал.

Ал жанадан жоспарланған Құрық айлағындағы паромдық тесуы 2016 жылғы желтоқсанда, екінші кезеңінің тұсауы 2018 жылғы тамызда кесілген-ді. Былтырғы жыл барысында Құрық айлағы арқылы 1,3 миллион тонна жүк тасымалданған. Оның ішінде 234 мың тонна жүк автокөлікпен

тасымалданған. Сонымен қатар Құрық паромдық кешені арқылы 11 мыңға жуық жолаушы тасымалы ұйымдастырылған. Демек, осы аймақтың транспорттық әлеуеті арта түспек болса керек. Солайша Құрық және Ақтау айлақтары Транскаспий халықаралық көлік бағдарының маңызды түйіндеріне айналған. Құрық айлағы арқылы Әзербайжанға және сол елдің үстімен Грузия мен Түркияға жіберілетін жүктер жөнелтіледі.

Осы жерде мынаған назар аудару керек. Сыртқы саудада біз Ресейге өте қатты тәуелдіміз, ал ол бізге оңна тәуелді емес десе де болады. Әзербайжанның жөні басқа. Біз оған ғана емес, ол да бізге тәуелді. Өйткені Баку-Тбилиси-Джейхан мен Баку-Супса құбырлары мен Баку-Батуми (Баку-Поти) теміржол

маршрутының Қазақстан мұнайымыз ұзақ мерзімдік негізде, тиімді түрде жұмыс істеуі мүмкін емес. Яғни, біздің елдің сыртқы саудасы Әзербайжан экономикасының жағдайына тікелей әсер ете алады. Және әсер етіп те жатыр.

Ал Әзербайжан, өз кезегінде, Қазақстанға балама экспорттық бағытты қамтамасыз етіп отыр. Осылайша, ол біздің еліміздің сыртқы саудасын қамтамасыз етудегі Ресейдің монополиясын бұза бастаған сияқты. Сондықтан да Қазақстан үшін Әзербайжан экономикасының жағдайы өте маңызды. Ал ол жағдай соңғы кезде өте жақсы болып қалыптасып келеді.

Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы сауда айналымы 2019 жылы 229,6 миллион долларды құраған. Бұл жерде мынаны атап өткен жөн. Сол өткен жыл барысында Қазақстан Әзербайжанға жалпы құны 205 миллион доллар болатын тауар жөнелткен де, ол елден жалпы құны 24 миллион доллардан асатын тауар қабылдаған.

Өткен 2019 жылы Әзербайжанның ЖІӨ (жалпы ішкі өнімі) 2,2 пайызға ұлғайған. Сөйтіп, 47,17 миллиард долларды құраған. Ал жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші 4 689 долларға дейін өскен.

Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы қарым-қатынас 1992 жылдан 27 тамыздан орнықты. 2004 жылы ол елдің Қазақстандағы елшілігі ашылды.

Қазақстанда 100 мыңнан астам әзербайжан ұлтының өкілдері тұрады. Олардың басым көпшілігі Түркістан, Жамбыл, Алматы облысында өмір сүріп жатыр.

### ► ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

# Инвестиция үшін қолайлы жағдай қалыптастыру қажет

Республика президенті Қасым-Жомарт Тоқаев үстіндегі қыркүйек айының 1-і күні көп кешіктірілме қала алуды қажет ететін өзекті мәселелерге баса назар аударылған және олардың шешу жолдарын айқындаған, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын белгілеген және Жолдауын жариялады. Оның осы орайда алға қойған мақсаттары мен міндеттерінің қазіргі жағдай талаптарына сай келетініне күмән жоқ болса керек.

#### РАЙГУЛ ЕНСЕПОВА

Президент Жолдауында экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламаларды іске асыруға ерекше көңіл бөлінген. Оны мына бір сөздерден байқауға болады: «Ұзаққа созылған мұнай дәуірі аяқталған сияқты. Әлемдік нарықтың мүлде жаңа ахуалына дайын болу керек. Ортапартаңдырылған және технологияға негізделген экономика құру — жай қажеттілік қана емес. Біз үшін бұдан басқа жақ жоқ. Сонымен қатар экономика халқымыз ал-ауқатын арттыруға бағытталуы керек. Ұлттық табыстың өсімінен түсетін игіліктерді әділ бөлінісі, тиімді әлеуметтік «лифтілерді» орнаттыру жөніндегі қоғамның өткір талабы міндетті түрде орындалуы тиіс. Сондықтан еліміздің жаңа экономикалық бағдары басты жеті қағидатқа негізделуі керек: Игіліктер мен міндеттердің әділ бөлінісі; Жеке кәсіпкерліктің жетекші ролі; Әділ бәсекелестік, кәсіпкерлердің жаңа буыны үшін нарық ашу; Өнімділікті көбейту, экономиканың ауқымдылығын және технологиялық сипатын арттыру; Адам капиталды дамыту, жаңа үздіктерді білім саласына инвестиция тарту; Жасыл экономика дамыту, қоршаған ортаны қорғау; Мемлекет тарапынан дәйекті шешімдер қабылдау және сол үшін қоғам алдында жауапты болу».

Жолдау белгілеп берген міндеттерді орындау барысында үкіметіміз бағдарламалық негізге сүйенуге тиіс. Ондай ауқымды құжат тез арада дайындалды. Және де ол үкіметтің кезекті отырысында қаралды. Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов ұсынған «Жалпыұлттық жоспар» (ЖҰЖ) мемлекет басшысы белгілеп берген негізгі бағыттарға сай 143 тармақтан тұрады, оның ішінде «мемлекеттік басқарудың жаңа моделі» — 10 тармақ, «жаңа жағдайдағы экономикалық даму» — 42 тармақ, «теңгерімді аумақтық даму» — 2 тармақ, «азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты — басты басымдық» — 10 тармақ, «көпкөлемді және сапалы білім беру» — 16 тармақ, «денсаулық сақтау жүйесін дамыту» — 10 тармақ, «экология және биоаулантүрлілікті қорғау» — 8 тармақ, «азаматтардың мүдделерін қорғауды әйгілдеті мемлекет» — 30 тармақ, «инфляцияды — барлық реформалардың базалық элементі» — 8 тармақ, «мемлекетті басқаруға азаматтық қатысу» — 7 тармақ. Өздерінің көргендей, осы құжатта ең көп көңіл бөлінген тақырып — ол «жаңа жағдайдағы экономикалық даму» қамтамасыз ету. Бұл мақсат қазіргі уақытта орындалып жатқан бағдарламалар негізінде жүзеге асырылған.

Өткені экономикада кез-келген ұзақ мерзімдік іске нақты жоспар қажет. Нәтижесін жоғары емес болғанына қарамастан бұрынғы бағдарламаларды табыссыз бұтуде келмеуі керек. Олар өздеріне жүкделген мақсаттардың орындалуына мүмкіндігіне септігін тигізді. Елге инвестициялар тартылды, бірлескен кәсіпорындар ашылды, бұрыннан жұмыс істеп жатқан кәсіпорындар қайта жабықталды. Мәселен, жергілікті атқарушы билік органдарының мәліметтеріне қарағанда, индустриялық-инновациялық даму стратегиясы ауқымында республиканың аймақтарында барлық қаржыландыру



көздері есебінен жалпы сомасы 246 млрд. теңгені құрайтын 154 инвестициялық бағдарлама іске қосылған.

Қазақстанда экономиканы индустриялық-инновациялық жетілдіру мақсатында 5 жылдық бағдарламасын бастау құралы ретінде 2015 жылға дейінгі индустрияландыру картасы және 2020 жылға дейінгі өндірістік күштерді рационалды түрде орнықтыру схемасы пайдаланылды.

Қазіргі «жаңа жағдайдағы экономикалық даму» қамтамасыз ету саясаты ауқымында инвестицияларды тарту басты мақсаттардың біріне айналмақ. Өйткені Қазақстанның өз ішкі мүмкіндіктері шектеулі, халықаралық қаржы нарықтарына жету қиын, сондықтан тек тік шетелдік инвестициялар ғана басты құралға айнала алады.

Қазақстанда қолайлы инвестициялық климат қалыптастырылған. Бұны шетелдік сарапшылар да растайды. Осы үшін қажетті үш негізгі фактор бұнда табылады.

Біріншіден, бай табиғи және минералдық ресурстар бар. Ғалымдарымыз бағалауынша, біздің еліміз табиғи ресурстардан қоры жағынан әлемде алтыншы орында иемденді.

Қазақстан шиктің, вольфрамның және бариттің барланған қоры бойынша бірінші орында, күмістің, қорғасынның, ураның және хромиттің барланған қоры бойынша екінші орында, мыс пен флюориттің барланған қоры бойынша үшінші орында, молибденің барланған қоры бойынша төртінші орында, алтынның барланған қоры бойынша алтыншы орында көрінеді.

Екіншіден, Қазақстан инвесторлар 1,6 миллиарда жуық астам бар тұтынушы нарығын (Орталық Азия, Кіші Азия Республикасы және Ресей Федерациясы) ұсына алатындай географиялық жағынан қолайлы орналасқан.

Үшіншіден, Қазақстанда ыңғайлы инвестициялық заңнама арқылы, инвестицияларды лемудің тартымды шаралары арқылы, экономикалық және саяси тұрақтылық арқылы қолдау көрсетілетін бизнес климаты бар.

Осындай шарттардың бар болуы инвесторлар қауымдастығын тартып қызығушылық тудырады. Сондықтан аталмыш жоспардың оның тарапынан қолдауы әбден мүмкін болса керек.

Жалпы, елімізде инвестициялық іс-әрекет жағдайы үшін қажетті бүкіл құқықтық негіз қалыптастырылған.

**БИЗНЕС&БИЛІК**

**ИСТОКИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ**

В нынешнем году у нас в стране отмечается 750-летие Золотой Орды. В своем прошлогоднем Послании Главы государства Касым-Жомарт Токаев охарактеризовал это государство в качестве нашего исторического наследия.

**КАЙРАТ КАЗАКПАЕВ**

Несколько позже он в ходе своего выступления на пленарной сессии XVI ежегодного заседания международного дискуссионного клуба «Валдай» в Сочи отметил, что Золотая Орда входит в культурный код казахов. Это его высказывание получило тогда большой международный резонанс.

Инициатива празднования 750-летия Золотой Орды стала логическим продолжением идеи Первого Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева. 24 августа 2014 года Елбасы в своем интервью в Улуты фактически положил начало обозна-

щения на громадной части нынешней (бывшей еще недавно общей) территории государств СНГ. Об этом оставили свидетельства жившие в те времена авторы.

К примеру, Плато Карпини пишет, что Днепр, Дон, Волга и Урал являются четырьмя большими реками Кумании, хотя речь, казалось бы, должна идти о Золотой Орде или стране монголо-татар. Рубрук описывает свое путешествие через степи куманов и замечает, что они называют себя «капчат». Марко Поло в своих путевых записях тоже отмечает народ, называемый «куманиами», и говорит о стране «Кумания». А в некоторых других трудах речь идет даже о королевстве Кумания. Немецкий путешественник Й.Шильбергер, побывавший при дворе Тимура в начале XV века, упоминает страну «Диттихилин». Есть еще одно интересное сведение. В «Зафернаме», являющемся отчетом об экспеди-



# Золотая Орда или Кыпчакское ханство как наше историческое наследие

чению линии исторической преемственности государства казахов от Золотой Орды. 22 декабря 2014 года Первый Президент Казахстана снова озвучил тезис о том, что Золотая Орда является историческим предшественником Казахского ханства. 11 сентября 2015 года в Астане на торжественном собрании по случаю его 550-летия вновь была заявлена такая концепция.

*«Казахское ханство является законным наследником государства сакавов, гунонов, усуней, а также Великого тюркского каганата, Дешт-и-Кыпчака и Золотой Орды»* - сказал Нурсултан Назарбаев. А 18 февраля этого года пресс-служба Первого Президента РК - Елбасы на своей странице в Instagram опубликовала его слова об истории казахского народа: *«Мои современники, последующие поколения в свое время отсчитывали историю лишь с периода Октябрьской революции. Для нас другой истории казахов словно и не существовало, но теперь мы должны ее глубоко изучить. Наши предки - гуны, еще ближе по времени - Великий тюркский каганат. Наша земля во все времена была центром тех государств. Далее - Золотая Орда. Если все это суммировать, наша история насчитывает две тысячи лет. Пройдя через такой огромный отрезок времени, мы сумели сохранить свой язык, религию, самобытность. И нам следует воспитывать нашу молодежь именно в этом духе»*.

В западной исторической и справочной литературе названия «Золотая Орда» и «Кыпчакское ханство» рассматриваются как равноценные синонимы. Причем последнее используется ничуть не реже, чем первое.

В русских летописях, а позже также в литературе и устной речи подавшееся большинство населения тех территорий, где до монгольского нашествия жили кыпчаки, получило название «татары». А поскольку вскоре все эти земли и живущие на них люди оказались под властью Российского государства, термин принял официальную окраску и получил карт-бланш на долгую жизнь.

Это затрудняет изучение истории целого ряда тюркских народов, особенно тех, которые говорят на языках кыпчакской подгруппы тюркской группы языков.

Эти последние жили и сейчас живут в тех регионах, которые когда-то входили в состав Золотой Орды, то есть Кыпчакского ханства. Общность их корней и восхождение их языков к одному знаменателю не вызывает сомнения. Речь идет о кыпчакской этнокультурной общности, существовавшей с одиннадцатого по шестнадцатый века, и кыпчакском языке, игравшем в ту эпоху роль средства межнационального

общения на громадной части нынешней (бывшей еще недавно общей) территории государств СНГ. Об этом оставили свидетельства жившие в те времена авторы. К примеру, Плато Карпини пишет, что Днепр, Дон, Волга и Урал являются четырьмя большими реками Кумании, хотя речь, казалось бы, должна идти о Золотой Орде или стране монголо-татар. Рубрук описывает свое путешествие через степи куманов и замечает, что они называют себя «капчат». Марко Поло в своих путевых записях тоже отмечает народ, называемый «куманиами», и говорит о стране «Кумания». А в некоторых других трудах речь идет даже о королевстве Кумания. Немецкий путешественник Й.Шильбергер, побывавший при дворе Тимура в начале XV века, упоминает страну «Диттихилин». Есть еще одно интересное сведение. В «Зафернаме», являющемся отчетом об экспеди-



На снимке: Венгерка кыпчакского происхождения

ции Тимура в Россию, говорится, что кыпчакский принц Бик-ярокуган в то время имел резиденцию в «Манкирмане», большом городе на реке «Узи». «Узи» - это то же самое, что «Аззу» у Абульфеда. То есть Днепр. А под названием «Манкирман» («Кива Мьен Кермен» - в китайских источниках, «Мингеркан» - у Рашид-ад-Дина) подразумевается Киев. Поскольку русские источники не упоминают о таком городе на Днепре, историки долгое время не могли понять, о чем идет речь. Лишь в 1874 году профессор Ф.Брун в своей статье, опубликованной в Одессе («Мемуары Третьего археологического конгресса по Киеву»), доказал, что

древняя русская столица была известна в средние века также под названием «Манкирман» («Манкерман»). Причем это название было известно не только восточным авторам. К примеру, венецианский посланник в Персию Кантарини, проезжая где-то в 1475 году через Русь, отмечал в путевых записях, что город Киево (Киев) называется еще Магроман. Но что стало с кыпчаками в дальнейшем? Что это были за люди - племя, союз племен, народ или группа народов? Нет, этническим «кыпчаки» означал не что-то большее, чем эти понятия. Это был целый мир в Евразии. Такой же, как, скажем, мир восточных славян. Я надеюсь, что историческая наука и литература воздадут еще должное кыпчакам, ведь кыпчакский мир являл собой в XI-XVI вв., образно говоря, тигель для сплавов, в котором происходило смешение самых разных народов, рас, самых разнообразных культур. Пока не изучим как следует и без предвзятости этот процесс, мы все так же будем не в состоянии понимать в правильном свете многое в истории нашей страны и ее народов. Игнорирование его - путь, ведущий к взаимному отчуждению и вза-

имным упрекам в плане истории. По этому пути мы, к сожалению, прошли уже довольно порядочное расстояние. Но надо найти в себе мужество отказаться от стереотипов и посмотреть на вещи трезво. В том числе и на свою историю. Ведь к XVI веку кыпчаки и кыпчакизированные народы, народности и племена были распространены на громадной части всей степной и лесостепной полосы Евразии и представляли собой огромную массу людей. Куда все они потом делись? Одни влились в составы живших по соседству народов. Другие в союзе с представителями иных этносов образовали новые народы и на-

циональные народности. Третьи, сохранив в целом образ жизни, традиции и язык кыпчаков, обрели в ходе дальнейшего развития истории другие названия. А теперь конкретнее об этом. Кыпчаки, обитавшие между Волгой и Дунаем, в той или иной степени влились в составы почти всех восточно-европейских народов. Особенно ошумитным является их вклад в формирование современных русского и украинского народов. Через казачок и напрямую. Поменьше вобрали их в себя поляки и литовцы. Армяно-кыпчакские связи - тема отдельного большого разговора... В XVI-XIX вв. многие тюркскоязычные народы Российской империи характеризовались русскими как «татары». Потом выяснилось (благодаря лингвистам), что почти все они являются, как и казахи, каракалпаки и киргизы, в той или иной степени потомками кыпчаков. А татарский язык, с которым русские столкнулись на Северном Кавказе, - одним из современных вариантов кыпчакского языка. То, что все эти народы и народности имеют кыпчакский корень, подтверждается включением их языков в одну подгруппу тюркской группы языков - кып-

чакскую. Даже сейчас эти языки настолько схожи, что все их носители без труда понимают друг друга. А вот антропологически эти народы очень разные. Впрочем, я предлагаю вашему вниманию их перечень, а вы посудите сами, исходя из своих знаний о них: **казанские татары, башкиры, сибирские татары, каргаши (астраханские татары), крымские татары (их язык имеет диалекты, восходящие с одной стороны к кыпчакскому, с другой - к огузскому), каранмы, крымчаки, карачаевцы, балкары (таулы), ногайцы, кумыки, казахи, каракалпаки и киргизы.** Можно, видимо, включить сюда и **венгерских кыпчаков.** Об их дальнейшей (после 1240 года) судьбе мне известно следующее. При появлении монголов в Восточной Европе 40 тысяч семей кыпчаков во главе с Котан-ханом ушли в Венгрию. После того, как их хана убили там венгры, они отправились оттуда уже в Болгарию. Большая их часть, очевидно, вернулась потом в Венгрию. Во всяком случае, там есть область, которая называется Кунгаз (Кыпчакция) и делится на два округа - Кишкунгаз (Малая Кыпчакция), занимающая часть междуручья Дуная и Тисы, и Налькунгаз (Большая Кыпчакция), расположенная на правобережье Тисы в районе ее среднего течения. В справочниках отмечается, что живущие здесь кыпчаки сохраняли свою автономию и свой язык до конца XVIII века и только потом были ассимилированы. Но еще в 1980-ых годах венгерский тюрколог Иштван Коныр подтвердил то, что кыпчаки в Венгрии есть и есть и что для них приезд в их страну казахских деятелей культуры и артистов - настоящий праздник.

В заключение несколько слов о том, какая есть связь между кыпчаками и казахами. Исторические и лингвистические утверждения, что кыпчаки сыграли особую важную роль в образовании казахской народности. Однако современному казаху, все так же, как и его предшественники, не очень разбирающемуся в родоплеменной структуре своего народа, подобное утверждение может показаться странным. Ведь казахские кыпчаки в наши дни живут в основном лишь в Тургайской и Кызылординской областях (район среднего течения Сырдарьи), и их удельный вес в общей массе казах невелик. Но вот, поступающей, что пишет о происхождении казахского этноса Encyclopaedia Britannica: **«Казахский народ, по всей вероятности, сформировался из кыпчакских племен, составляющих часть населения Золотой Орды».** (Encyclopaedia Britannica (macroaedia), m. 10, стр. 196). Мне думается, что эта мысль сформулирована не на пустом месте.

**НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

**ТУРИЗМ: ӨНДІРІК ДАМУ**

**ІРІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНАДЫ**

Жетісу өңірінде биыл жылдың соңына дейін отызға жуық туристік нысандар құрылысын аяқтау көзделген.

Алматы облыстық туризм басқармасының мәліметтеріне сәйкес, биылғы алғашқы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша өңірде туристерді қабылдауға арналған 795 нысан жұмыс істейді. Осы ретте бытырғы тиісті кезеңмен салыстырғанда осым 4% жеткен.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлағандай, биыл өңірде жылдың соңына дейін 4,2 миллиард теңге соманың көлемінде 27 туризм нысанының құрылысын аяқтау жоспарланған отыр. Бүгінде ірі жалпы құны 1 081 миллион теңге соманың жеке инвестицияларын тарту арқылы 14 туристік инфрақұрылым нысаны пайдалануға берілген. Атап айтқанда, Жамбыл ауданында бір нысан, Алақолдін жағалауында туристерді қабылдауға арналған 13 нысан іске қосылған. Аталған нысандардан түскен жеке инвестициялар сомасы - 106,1 миллион теңге. Туристерге қызмет көрсететін орналастыру орындарының мәліметтеріне қарағанда, демалушылар саны 421,9 мың адамға құрады. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 54%-ға көп. 362,1 миллион теңге соманың көрсетілген ақалы туристік-сауықтару қызметі бытырғы есепті мерзіммен салыстырғанда 63%-ға артқан.



Табиғаты көркем өлкеде Талғар тау кластері аумағында «Апорт» және «Ақ бұлақ» таулы курорттары, Еңбекшіқазақ ауданында «Түрген», Райымбек ауданында «Парк каньоны» ойын-сауық кешендерін салу жөніндегі ұзақ мерзімді ірі инвестициялық жобалар іске асырылады. Бұл жобаларға жалпы сомасы 542,7 миллиард теңге жеке инвестиция тарту көзделген. Сонымен қатар Алақол жағасында жалпы құны 4 миллиард теңгені құрайтын «Alakol Apartments» жазғы амфиатрлары бар коттедж қалашығын салу жоспарлануда.

Коронавирус індеті жағдайында барлық аймақтық туристік нысандар жүктемесін 80%-ын қалағалап, ұстанатынын және жақетті санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтайтындығын атап өткен жөн.

**БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ ҚАРТАСЫ – 2025**

**КӨСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ ОҢТАЙЛАНДЫ**

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мен «Сбербанк» АҚ ЕБ «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында келісімге қол қойды.

Микронесиеу бағыты бойынша енгізілген өзгерістер аясында портфельдік субсидиялау және кепілдік беру туралы аталған келісімге сәйкес, енді «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасына микро және шағын кәсіпкерлік субъектілері салалық шектелулерсіз қатыса алады. Номинал сыйақы мөлшерлемесі Улттық банк белгілеген және 8,5 пайыздық тармаққа ұлғайтылған базалық сыйақы мөлшерлемесінен аспауы тиіс. Кәсіпкер тәуелітін несе үстемесі жылдына 6%-ды құрайды. Номинал мөлшерлемесі мен қарыз алушы үшін түпкілікті мөлшерлемесі арасындағы айырманы мемлекет субсидиялайды.

Үкіметтің шешімі бойынша, мемлекет сыйақы мөлшерлемесінен бір бөлігін портфельдік субсидиялауды және несе мен микронесие бойынша ішпәра кепілдік беруді «Даму» қоры арқылы жүзеге асырады. Осылайша, несе беру жайлы шешімді банк немесе микроқаржы ұйымы қабылдайды. Ал несені субсидиялау және кепілдік беру туралы шешім хабарлама сипатында болады.

Айналым қаражаттан толықтыруға арналған несе бойынша ең жоғары сома 5 млн теңгеден аспайды, субсидиялау мерзімі - 2 жылға дейін. Инвестиция үшін берілген ең жоғары қарыз сомасы - 20 млн теңге, субсидиялау мерзімі - 3 жылға дейін. Бір кәсіпкерге лимит - 20 млн теңге. «Даму» қорының кепілдік мөлшері қарыз сомасының 85% құрайды.

Сбербанк екіші деңгейлі банкер ішінде алғашқы болып портфельдік субсидиялау және кепілдік беру туралы келісімге қол қойды. Сбербанктің мемлекеттің бизнесті қолдау бағдарламаларына қатысуы қаржы институты қызметінің зерттеу бағытындағы бірі саналады. «Портфельдік субсидиялау және кепілдік беру құралдары ыңғайлы. Өйткені қаржы беру туралы шешімді тек банк немесе микроқаржы ұйымы ғана қабылдайды. Осылайша, несе алуға деген өтінімді қарау кезеңдері мен мерзімдері айтарлықтай қысқарыды және жалпы кәсіпкерлерге қолдау көрсету шаралары оңтайланды», - деп түсіндірі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқарма төрайымы Гаухар Бөрбебаева.

Өз кезегінде «Сбербанк» АҚ ЕБ басқарма төрағасы Елдар Тенізаев атап өткендей, қаржы институты үкіметтің экономикалық саясатының талаптарына сәй кәсіпкерлерді қолдау бағдарламаларына белсенді қатысып, экономиканың нақты секторларын қолдайтын несиенен қамтамасыз етіп келеді. «Негізінен шағын және микро бизнеске арналған жаңа бағдарлама клиенттеріміздің несе құралдарына қысқа мерзімде қол жеткізуіне көмектеседі. Бүгіннен бастап біз онлайн режимде де, банк филиалдарында да аз құжат талап ете отырып, өтінімдерді қарауды бастаймыз», - деді ол.

МӘДЕНИЕТ&SPORT

▶ РУХАНИЯТ



Ұлы ақынның мұрасы – әлем игілігі

Румыния астанасы – Бухарест қаласының орталығында Абай Құнанбайұлының бюсті қойылды. Осыған орай өткен салтанатты шараға Парламент пен мемлекеттік органдардан келген румын саяси қайраткерлері, шет мемлекеттердің елшілері, сондай-ақ академиялық, қоғамдық және іскерлік орта өкілдері мен журналистер қатысты.

АЙНУР БАҚӘУЛЕТҚЫЗЫ

ақынның Румынияда мәңгі есте қалуына қосқан баға жетпес үлесі үшін ерекше алыс білдірілді. Іс-шараға қатысушылар румын астанасында қазақ халқының көрнекті ақынының бюсті қойылуының халықтар достығының белгісі ретіндегі мән-маңызын атап өтті. Атап айтқанда, Румынияның экс-президенті Эмиль Константи-неску және Парламент депутаты палатасының вице-спикері, «Қазақстан-Румыния» парламентаралық достық тобының төрағасы Флорин Иордаке әлемдік деңгейдегі ұлы ақынның бюстінің орнатылуы Бухарест өміріндегі маңызды тарихи оқиға екенін, сондай-ақ әлемдік мәдениетке қосқан үлесі үшін қазақ халқына деген құрметті білдіретінін баса айтты.

Салтанатты шара асында «Қара сөздерді» румын тіліне аударған белгілі лингвист Антонета Олтеану ақынның өмірі туралы білгендігі баса айтылды. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне және Бухарест мэриясына қазақ

▶ ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

Еңбек етсең ерінбей...

Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры ауыл тұрғындарына несиеге өтімді онлайн форматта беру мүмкіндігін ұсынып отыр. «Еңбек» бағдарламасы аясында мал шаруашылығы дамытуға несие алуы жоспарлап отырған мал иелері ауыл тұрғындары жеке компьютерлерімен несие алуға өтінім жіберіп, электрондық несие комитетінің мақұлдауын ала алады. Жүйе Ақмола және Алматы облыстарының кәсіпкерлері үшін тестік режимде іске қосылды. Алдағы уақытта бұл механизмді басқа облыстарға да енгізу жоспарланып отыр.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауында «Тімді шағын және орта бизнес – қала мен ауылды дамытудың берік негізі. Шағын, әсіресе, микробизнес еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады», деп атап көрсетілген болатын. Бұл ақиқат. Шағын кәсіпкерлікпен айналысатын ауылдықтарды мемлекет тарапынан қолдаудың орны бөлек. Әсіресе, басқа бастымыз деген азаматтардың шағын несиеге жылдам қол жеткізуін қамтамасыз ету өте маңызды. Мысалы, Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры «Еңбек» бағдарламасы аясында мал шаруашылығын дамытуға 4



млн теңгеге дейін) несие алғысы келетін кәсіпкерлердің үйінде отырып-ақ немесе филиал кеңсесіндегі өзіне-өзі қызмет көрсету аймағындағы компьютерден несиеге өтімді онлайн форматта беру мүмкіндігін жасап отыр. Әзірге бұл жүйе тестік режимде Ақмола мен Алматы облысының кәсіпкерлері үшін іске қосылды. Алдағы уақытта қордың басқа облыстарға филиалдарына енгізу жоспарланып отыр. Бұл жерде кәсіпкер өтімінің мақұданғанын немесе мақұданбағанын алдын-ала біледі. Бұрын 10-13 құжат жинау талап етілген болса, қазір тек өтінім берушінің жеке куәлігі, электрондық цифрлық қолтаңбасы және кепілдікке қойтын мүлігінің құжаты ғана қажет.

Алматы облысының Жамбыл ауданына қарасты Қайназар ауы-

лында тұратын Анапия Айтмұхан – несиеге онлайн-өтімнің берген алғашқы шаруалардың бірі. Қой шаруашылығын дамытуға үшін рет несие алуды отырған шаруа автоматтандыру жүйесінің артықшылығы жөнінде айтып берді. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорынан осыған дейін екі рет несие алып, қой шаруашылығын бастаған едім. Үшінші рет тағы несие алуды отырмын. Бұрын несие алуға 10-13 құжат жинауы едік. Қалаға жиі баратынбыз, Халыққа қызмет көрсету орталығының кезегіне тұрып қанша уақыт кетіретінбіз. Жалпы құжат жинауға екі аптадан бір айға дейін уақытымыз кететін. Жол шығынымыз тағы бар. Қазір ЭЦП кілтін, жеке куәлігім және кепілдікке қойтын мүлігімнің құжаты ғана керек. Үйде отырып-ақ алдым ала өтімім беруге мүмкіндік жасаған екен.

Қуанып отырмын. Бір сағат бұрын ғана 4 млн теңге несие алу үшін онлайн-өтімнің берген едім, міне, өтімнің мақұлданып деген хабарлама келді. Ар қарай несие алуыма ештеңе бөгет болмайды. Шаруалар үшін осындай мүмкіндік жасауға ықпал еткен Президентімізге, мамандарға көп рахмет!», – дейді Анапия Айтмұхан.

«Несиегі алдын-ала онлайн мақұлдауға өтінім беру үшін не істеу керек? Егер сіз Ақмола немесе Алматы облысының тұрғыны болсаңыз және мал шаруашылығын дамытуға қаржы алғыңыз келсе, www.online.fagri.kz порталына кірініз және келісімге қол қойыңыз. «Жаңа өтімін жасау» батырмасын басып, өтімді жеке кабинет арқылы жіберіңіз. Жүйе мемлекеттік деректерден ақпарат сұрату арқылы азаматтық несие алу мүмкіндігі мен сенімділігіңіз тексереді. Оң нәтиже болған жағдайда «жалғастыру» батырмасы іске қосылды. «Кепілдікті қамтамасыз ету» бөлімінде кепілге қоюды жоспарлаған мүлікке қатысты деректерді енгізіңіз, жүйе мүлкіңіз нарықтық құнын есептейді. Ұсынылған кепілдік мүлкі жеткілікті болған жағдайда жүйе кепілдікті қамтамасыз ету жөніндегі құжаттармен облыстық филиалға жүгіну мүмкіндігі туралы хабарламаны көрсетеді», – дейді «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Несие-үлестер департаменті директорының орынбасары Арман Байзақов.

▶ ОТАҢДЫҚ ӨНІМ

Елімізде балмұздақ бизнесі дамып келеді

Алматыда еліміздегі балмұздақ маусым қорытындылауға арналған онлайн-конференция өтті. Онлайн-конференция барысында «Шин-Лайн» компаниясы балмұздақ санатының директоры Дмитрий Докин маусымның қорытындылары, ағымдағы жағдай, Қазақстанда және шетел нарықтарында балмұздақ сату, карантин кезеңіндегі кәсіпорынның жұмысы мәселелеріне және пандемия кезеңінде компания іске асырған дамуын және әдіс-тәсілдеріне тоқталды. Сондай-ақ сарапшы журналистердің сұрақтарына жауап берді.

НҮРЛАН ҚУМАР

Отандық балмұздақ өндірушілер үшін бұл күрделі жыл жалпы алғанда өртүрлі жолмен даму. Жұмысты желдет қайта құру және белгілі санитарлық талаптарын қамтамасыз ету ағымдағы кәсіпорындар сатылымның өсуін сақтап қалды, ал кейбір кәсіпорындар өндіріс пен кірістің төмендегенін айтады. Мысалы, отандық балмұздақ нарығының көшбасшысы «Шин-Лайн» компаниясы осы жылдың 7 айының қорытындысы бойынша ақшалай көріністе 19%-ды көрсетіп отыр, бұл жылы қазіргі жағдайда жаман көрсеткіш емес, алайда бұл өсім өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі өсім қаржымен салыстырғанда, үштен біріне төмен болды. Заттай көріністе өсім 1%, бұл 2018 жылғы маусымның көрсеткішіне жақын.

2020 жылы «Шин-Лайн» соңғы жылдардағы қабылданған даму стратегиясына сәйкес экспорттың ақшалай түрде 38%-ға өсуін қамтамасыз етті. Ал компанияның түсім құрылымындағы экспорт үлесі 12%-дан өсіп, 18%-ға жетті. Компания сарапшылары қазақстандықтардың тұтынушылық талаптарының өзгергенін атап өтті.

Көрсеткіштердің бірі қаптаманың отбасылық форматын таңдау болып табылады, бұл жөйт соңғы жылдары орта есеппен 70%-ға ең жоғары өсіммен расталды.

Балмұздақ өндіру және тұтыну үшін дәстүрлі көктемгі-жазғы маусым Қазақстанда сатып алушылардың белсенділігіне әсер еткен шектеу шаралары кезеңіне сәйкес келді. Осыған байланысты жеке-леге аймақтарда тоқырау, тіпті сала үшін ең белсенді уақытта құлдырау байқалды, бұл туралы өртүрлі балмұздақ өндіруші компаниялар бірнеше рет мәлімдеді. Сыртқы жағдайлармен шектелген маусымға қарамастан, елдің желеулен калаларында балмұздақ тұтынушы өсіп байқалды. Ақтауда өсім заттай көріністе 10%-ды және ақшалай көріністе 22%-ды, Талдықорғанда 19%-ды және 39%-ды, Өскеменде тісінше 5%-ды және 26%-ды құрады.

«Шин-Лайн» қазақстандық балмұздақты шетелдік нарықтарға экспорттауды жалғастырды. Биыл нарықта жаңа өнімдер ұсынылды. Сонымен, «Шин-Лайн» танымал VanGo сериасындағы «Жүзім-інжір» жаңа жеміс дәмді маусым нарыққа шығарды. Бұл премиум жаңалық талғамшылдарға жеміс тотырмасы және глазуурмен нәзік кілегейлі балмұздақты ұсынады. «Лесная белочка», «Коровка», «Смак» классикалық шешімдерін сүйікті кампит сериасы КСРО заманынан бері белгілі лимоналтың жарқын дәмін бар-Ключик Буратино жеміс мұзбен толықтырылды. «Бизь Казакстанда да, шетелде де күрделі құрылым мен шығыстық сипаты бар VanGo бірегей кілегейлі балмұздағы, пломбирлер отбасындағы үздік өкілдердің бірі «Мишка на полюсе», компанияның «визит карточкасы» – «Бомба», танымал «Митос» пломбирі, табиғи шыршын негізіндегі және шындыққа толы танымдық ой-



ынмен толықтырылған «Джуски» жеміс мұзлары сұранысқа ие. Тұтынушылардың бұл брендтерді бөсекеге қабілетті нарықтарда таңдауы сапалы және ләмді «Шин-Лайн» балмұздағының қызы бойынша бағаланатыны және оның құрамы сатып алынатынын білдіреді», – делі «Шин-Лайн» компаниясы балмұздақ санатының басшысы Дмитрий Докин.

Жалпы, компания балмұздақ тұтынушылар қалауының өзгеретінін және пост-карантиндік кезеңде өзгерістер динамикасы сақталатынын атап өтті. Трендердің ішінде отбасылық орау форматын және баға сапа қағидағы негізінде саналы таңдауды айтуға болады. Рашионалдылық халықтың барлық топтары үшін сатып алу мінез-құлқының трендіне айналды: дүкенге барғанға дейін сатып алу жоспарланады; балмұздақ жататын импульстік шешімдердің жоғары үлесі бар бөлшек сауда форматтарына қызығушылық төмендейді; онлайн сатып алу саны өсуде. «Рашионалды таңдауға сауда желілері арқылы отбасылық форматты сатып алуға да жатқуыға болады. Бұл форматтың көшбасшысы – 83%-ға өсуін көрсеткен 800 грамм қаптамадағы

«Миша» пломбирі. Бүгінгі таңда сатып алушылар дүкенге бару санын азайтқаннан, олар өртүрлі өнімдері бар үлкен супермаркеттерді таңдайды, сондықтан отбасылық форматқа таңдау көп – бәндікер мен пакеттер үйге ығынады тасымалданады, ал эскимо мен рожокка деген импультеті сатып алу азаяды. Сондықтан балмұздақты сатып алудың негізгі орны сауда желілері болып табылады», – деп нақтылады Д.Докин.

Компанияның сатылым көрсеткіші, ірі желілер арқылы сату өсімі 25%-ға артқан. Онімді оның сапалық сипаттамаларына сәйкес таңдау ұтымды. Сатып алуға ақша жұмсауды шешкен тұтынушы бағасы мен сапасына, сондай-ақ ингредиенттердің пайдалылығына көңіл бөледі. ТМД және Орталық Азия елдерінде тағамдағы майлар мен калориялардың төмендеуі үрдісі енді ғана күшейіп тұрса, дегенмен, «Шин-Лайн» балмұздақтың табиғи компоненттеріне көңіл бөледі. «Шин-Лайн» жаңа үрдістерге байланысты тұтынушыға пайдаланылатын шикізаттың құрамы туралы көбірек ақпарат беруді, сондай-ақ онлайн сауданы белсенді дамытуға жоспарлап отыр.

▶ ДУБІРА ДОДА

Шын мықтыға түсау жоқ



Футболдан Қазақстан құрамасының жартылай қорғаушысы Исламбек Қуат Ресей біріншілігінде өнер көрсетіп «Химки» командасымен маусым соңында дейін келісімшарт жасалды.

АЙЖАН ЖАСБАТЫРҚЫЗЫ

қалып, бірінші дивизионға жолдама алды. Содан кейін футболшы мен команда екіжақты келісім бойынша шартнаманы бұзды.

Соның екі айда Қуат клубсыз жүрді. Оған Ресейдің және Түркияның бірнеше командасы қызығушылық та білдірді. Осы аралықта ол Қазақстан құрамасы сапында ойнап үлгерді. Ол жақында УЕФА Ұлттар лигасында Литваға қарсы кездесуде екінші таймның 83-ші минутында алаңға шығып, көп ұзамай 3 минуттан соң, яғни 86-шы минутта қарсыластың қақпасына гол соққан еді. Бесулар құрамасымен өткен ойында да ол екінші таймда алаңға шыққан болатын. Бірақ қақпаға дөп соққы жасақ алмады.

Өз кезегінде футболдан Қазақстан құрамасы мен ЦСКА командасының жартылай қорғаушысы Бахтиер Зайнутдинов жаракатынан айымып шықты.

Жартылай қорғаушы 20 нөмірмен өнер көрсететін болады.

«Химки» Ресей біріншілігінің алтыншы турынан кейін үш ұпай жинап, турнир кестесінде 15-ші орында келеді. Айта кетейік, «Химки» сапында И.Қуаттың «Кайратта» бірген ойынға командаласы Дмитрий Хомяков те өнер көрсетеді.

Быңлы жылдың басында И.Қуат «Кайраттың» ресейлік «Оренбург» командасына ауысқан еді. Бұл команданың сапында ол бірнеше кездесу өткізді. Бірақ оның командаласы Ресей Премьер-лигасынан шығып

Бөлім редакторлары: Ботагөз ӘБДІРАЙҚЫЗЫ, Исаган ҚАМБАРОВ, Нұрлан ҚУМАР  
Беттесті: Ернар ОРМАНОВ  
«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдері:  
Ақтөбе облысында: Жанғабай Қабақбаев 8 717 719 63 22  
Маңғыстау облысында: Бектур Телугалиев 8 011 774 2141  
Газеттің терілуі мен бет қатпауы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. ©Фототек басылған.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:  
АЛШАНОВ Рахман  
ӘБДИМАННОВ Саркынғали  
БЕКБОЛАТҰЛЫ Желібай  
ЕСПІЛОВ Тілектез  
ҚАЛИЕВ Ғани  
НҮРСЕЙІТ Айтқали  
САҒАДИЕВ Қанжигали  
САЛПАСЕВ Әбжаналар  
САЛЫДІН Шайығұлы  
ТЕМІРБЕКОВ Нұрлан  
Татырсы: 1240.  
Таралымы: 5000.  
Газет аптасына 1 рет шығады.  
Газет «Дәуір» РТБК ЖШС-да басылды.  
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17, үй.  
Тел.: 273-50-53.

МЕМН ЖАЙЫЛЫ:  
050011, Алматы қаласы,  
Жетісу ауданы,  
175, 4-көпір,  
403-Бөкей (Төлеу) к-сі,  
тел.: 272-81-84  
404-Бөкей (Бас редактор)  
мен.: 267-36-34  
факс.: 272-86-11  
E-mail: kazzkazonline@mail.ru  
www.tengemonitor.kazgazeta.kz  
www.kazgazeta@mail.ru

«Тенге Monitor» газетіне жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-ға тиесілі, жарияланған мазмұн мен тілге редакция жауапты емес. Жарияланған мақала авторларының тікелей редакция қыздарынан білдірілгенді.